



SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады



Сурет И. Шмаганікі

Ақбөкеннің егіз туған құралайлары – «бізді қорғандар» дейді!

Редакциядан

2010 ж. мамыр айында Орал популяциясына жататын (Батыс Қазақстан) 12 000 ақбөкеннің өлгені байқалды. «Saiga News»-тің бұл нөмеріне бұл қайғылы оқиғаның әртүрлі жақтарын талдайтын және оның себептерін өздерінше түсіндіретін үш мақаланы жариялап отырмыз. Бұл жағдай Орал популяциясына, сондай-ақ бұл түрдің барлығына, үлкен шығын әкелді және аурулардың ақбөкен санын реттейтін факторлардың бірі екендігін бізге айқындап берді. Бұл келесі ақбөкен жөніндегі ортамерзімге арналған жұмыс программасын қыркүйек айында өтетін қоныс аударатын түрлер Конвенциясына сәйкес ақбөкенді сақтау жөніндегі өзара түсінісу меморандумына (MoB) қатысушы елдердің мәжілісі алдында талдауға негіз болды. Осы мәжілісте бұл программа келісілуге тиісті. Айта кететін бір жай, 2006 ж. ақбөкен жөніндегі жұмыс программасын біз қабылдағанда, аурулар түрге қауіп тудыратын потенциалды фактор ретінде қаралған жоқ. Өйткені ақбөкендер арасында соңғы бірнеше жылдар бойы ешқандай эпизоотиялық жағдай байқалған емес.

Қазақстан Үкіметі бұл трагедияға шапшаң, тиімді әрі сондай ұйымшылдықпен әрекет жасады. Бұл түрдің ұлттық маңызы барлығын түсінген баспасөздер үшін Қазақстанда ақбөкендердің жаппай қырылуы сондай қызығушылық тудырды. Аңның өлім-жітімі халықаралық қауымдастықтардың да көңілін аударды; көптеген газет пен журналдарда бұл тақырыпқа арналған көптеген мақалалар жарияланды. Ондан кейін халықаралық табиғат қорғау қауымдасы тез арада Қазақстан басшыларына қолдау көрсетті: қоныс аударатын түрлер конвенциясы (CMS) телефон конференциясын ұйымдастырып, онда қандай көмек керектігін талқыланды; фауна және флора Интернешил мен ақбөкенді сақтау альянсы Мухамед Бин Зиеда Фондысы, Save Our Species и People's Trust for Endangered Species фондылар арқылы халықаралық қаржылар табуға көмектесті. Халықаралық үкіметтік емес қоғамдар Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау Ассоциациясымен тығыз байланыста жұмыс істейді және

Соңы 2-ші бетте

Шығуына қаржылай көмектескен:



Мазмұны

Редакциядан	1
Форум Қазақстанда ақбөкендердің жаппай өлім-жітімге ұшырауы – олардың 12-мыңдайы қырылды.....	2
Жаңалықтар	5
Мақалалар <i>Шилегдамба Э., Файн А.Е., Бувейбатар Б., Лхагвасурен Б., Муррей К., Бергер Дж.</i> Моңғол ақбөкенінің (<i>Saiga tatarica mongolica</i>) үй малдары ауруларына ұшырағыштығы.....	10
<i>Франов Н.А., Гагарин В.В.</i> «Астрахань» мемлекеттік тәжірибелік аңшылық шаруашылығында ақбөкендерді өсіру.....	11
<i>Жатқанбаев А. Ж.</i> Солтүстік-Батыс Прибалхашье (Қазақстан) – қазіргі түрдің таралу ареалында ақбөкеннің (<i>Saiga tatarica tatarica</i>) сақталған мекендейтін жерлері	13
<i>Нуриджанов Д.А., Нуриджанов А.С.</i> Возрождения түбегінде ақбөкен популяциясын зерттеу	13
<i>Хлуднев А. В.</i> Ақбөкендерді сақтау – біздің жалпы ісіміз.....	14
<i>Гуйхон Цзян</i> Медицинада ақбөкен мүйіздерін ауыстыру ретінде үй буйволы мүйіздерін пайдалану.....	15
<i>Хау К., Обгенова О., Милнер-Гулланд Э.Дж.</i> Ресейде информативтік – ағартушылық кампаниялар жұмыстарының нәтижелерін бағалау.....	16
<i>Нурумбетова А.Б.</i> Сүйіншілікпен басталған жұмыстардың барлығы да өз жемісін береді.....	17
Проектілерге шолу	18
Жаңа басылымдар	20

Соңы (басы 1-ші бетте)

Орал популяциясын қалпына келтіру саласындағы тез шешуге қажетті міндеттерді, оның ішінде эпизоотологиялық зерттеу жүргізу және ақбөкенді сақтау процесіне жергілікті тұрғындарды қатыстыру бар, шешу үшін мемлекеттік табиғат қорғау ұйымдары бөлінген қаржыларды дұрыс пайдалануы керек-ақ. Ақбөкендер тек Батыс Қазақстанда ғана емес, сондай жағдайды популяцияның жойылып кетуіне қауыпты тудырып отырған браконьерліктің етек алған Үстірт өңірінде және ауыр жұт жылдары мен етек алған браконьерлік жайлап отырған Солтүстік-Батыс Прикаспийде де ауыр жағдайды басынан кешіріп отыр. Моңғол және бетпақдала популяцияларының жағдайлары аздап жақсарып келеді. Әсіресе, ақбөкенді сақтау жөніндегі өзара түсінісу меморандумына қатысушы елдердің 2006 ж. мәжілісінен кейін біраз жетістіктерге қол жетті. Ақбөкен жөніндегі ортамерзімді жұмыс программасының мақсатын орындау үшін табиғат қорғау саласындағы жұмыстарды күшейтуіміз мен түр санының азаю процесін шектеуіміз қажет. Қыркүйек айында өтетін қоныс аударатын түрлер конвенциясы (CMS) мәжілісінде көптеген мамандармен кездесуді жоспарлап отырмын.

проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд,
Ақбөкенді сақтау Альянсының төрағасы,
e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk

Форум

Қазақстанда ақбөкендердің жаппай өлім-жітімге ұшырауы – олардың 12-мыңдайы қырылды

Ақбөкендердің жаппай өлімі 2010 ж. мамыр айының 18-інен 21-іне дейін Батыс Қазақстан облысының солтүстік – батыс жағында төлдеу кезінде жануарлардың көп шоғырланған Борсы поселкасының солтүстігінде байқалды. 11920 ақбөкен өлген, оның ішінде 7625 аналық, 4250 жаңа туған лақтары және 45 текелері болған; бұл орал популяциясы жалпы санының үштен бір бөлігі (2010 ж. сәуірінде олардың саны 39 мыңдай болған).

Малдәрігерлік, медициналық, зоологиялық, табиғат қорғау ұйымдарының өкілдері мен мамандарынан құрылған комиссияның алдын-ала қортындысына сәйкес «ақбөкендердің жаппай қырылуына партереллез ауруы (қоздырушысы *Pasteurella multocida*) себеп болған. Қатты суық қыстан кейін жаппай төлдеу кезінде аналықтардың ортаға бейімделу қасиеті төмендеген және техногенді хлорорганикалық қосылыстардың да токсикологиялық әсері де болуы мүмкін». Өлген ақбөкендер мен үй малдарынан (төрт бұзау) алынған патологиялық материалдарды Қазақстан ауыл шаруашылығы министрлігінің Республикалық малдәрігерлік лабораториясының Батыс-Қазақстан облысы филиалында және ҚР-сы денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Оралдың обаға қарсы күрес станциясында лабораториялық анализдерден кейін осындай диагноз қойылған. Сондай-ақ ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрінің ветеринария жөніндегі ұлттық референттік Орталығы өлген ақбөкендерден, топырақтан және шөптерден алынған

патологиялық материалдарды тексеріп, зерттеген. Зерттеу нәтижелері хлор иондарының жоғары болғаны (3.5 есе) жануарлардың қарындарынан, ішектерінен және бауырларынан алынған материалдардан байқалды, ал топырақ пен шөптерде олар 5,3 және 8,0 еседей жоғары болды.

Бұрын Қазақстанда пастереллезден ақбөкендердің жаппай өлімі 1981, 1984 және 1988 жылдары байқалған. 1981 ж. мамыр айында бұрынғы Торғай облысы территориясында 100 мың, 1988 ж. мамырында – 270 мың ақбөкен қырылған, ал Еділ-Жайық өзендері арасында 1984 ж. ақпан-наурыз айларында шалмамен 100 мыңдай ақбөкен пастереллезден өлім-жітімге ұшыраған. Өлген жануарлардың барлығында да барлық жылдарда (тіпті 2010 жылда да) мұрындары мен ауыз қуыстарында қанды-көбік байқалған, ал анальтесіктерінен қан араласқан сұйық қилары бөлінген.

Өліктерді сойып тексергенде, өкпеде гиперемия (қан кернеу) мен оның тығыздалғаны, кеуде қуысында қан болғаны және бауыр мен көк бауырларда гиперемия (қан



Сурет III. Вестин-Россия

Қазақстан эпидемиологтары ақбөкендердің өлу себептерін анықтауда.

толғаны) мен олардың аздап іскендігі (үлкейгендігі) анықталды. Ауырған жануарларда демалысы бұзылған, қимылдары да сау кезіндегідей емес, жиі сөлдер бөлу, еттерінің сіңірлері тартылу жағдайлары байқалды. Ауру өте қиын септикалық (токсикалық) формада өтіп, жануарлар 3-6 күн ішінде өлімге ұшырады. Пастереллездің мұндай формада өтуінің себептері әлі белгісіз. Әдетте дендері сау ақбөкендер ауруды қоздырушыларды тасымалдаушылар болып табылады, бірақ кейде белгілі бір жағдайда оның вируленттік қасиеттері күшейеді де, ол жануарларды жаппай ауруға ұшыратып, олардың қырылуына әкеп соғады. Кейде ақбөкендер арасында жаппай қырылу болмаса да олардың ішінде кейбір ауру ақбөкендер кездесетіні белгілі; бұл кейбір жеке аңдарда ауру хроникалық (созылмалы) түрде өткенін байқатады. Эпизоотиялық кезеңдер аралығына бірең-саран ауру жануарлар инфекцияны өздерінде сақтауы мүмкін. 1988 ж. мамыр айында және 2010 ж. мамырында пастереллез ауруының тууына аталған жылдардағы қыстың суық болуы, соның нәтижесінде жануарлардың арықтауы, әлсіз болуы да себеп болуы мүмкін. 1988 ж. қысында да ақбөкендердің азық тауып жеуі қиынға соққан кезде де аңдар өлімі байқалған.

Келешекте ақбөкендердің жаппай өлімін болдырмас үшін комиссия мынадай негізгі шараларды ұсынады: жануарларға және олардың мекендейтін жерлеріне мониторинг жүргізу; ақбөкендердің ауруларын зерттеу және оларды болдырмау шараларын жүзеге асыру; аңдар қоныстарында, жайылымдарды эпизоотологиялық тексеру жұмыстарын жүргізу; үй малдарын вакцинациялау және пастереллез ошақтарын дезинфекциялауды жүзеге асыру қажет.

б.ғ.к. Ю.А.Грачев, б.ғ.д., проф, А.Б.Бекенов
ҚР ҒБМ зоология институты, teriology@mail.ru



Сурет. РЕСТИВЛИКА КЗ

Пастереллезден өлген ақбөкендер. Мамыр 2010 ж.

Пастереллезден ақбөкендердің жаппай өлім-жітімге ұшырауының кейбір себептері

Қазақстанда пастереллезден ақбөкендердің жаппай қырылуы бұрынғы жылдары да болған. Моңғолияда эпизоотия пастереллеза жабайы кеміргіштер – Бранд тоқалтисі (*Lasiopodomys brandti*) және тарбаған – суыр (*Marmota sibirica*) арасында болған. Бірақ үлкен жаппай қырылу, әсіресе, кеңалқымды жайран (дзерен - *Procapra gutturosa*) арасында байқалған. 1974 ж. шамамен 140 мың дзерен қырылған, одан кейін бұл жануарлардың жаппай өлуі 1980, 1983, 1985 жылдары қайталанды. Сондай-ақ пастереллез инфекциясы бес жыл бойы «Астрахань» мемлекеттік аңшылық шаруашылығы питомнигінде тіршілік ететін ақбөкендерді де қамтыды (осындағы Н.А.Франов пен В.В.Гагариннің мақаласын кара).

Әдеттегі жағдайда пастерелл бактериялары жануарлардың жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты (сілекейлі) қабықтарында мекендейрі, бірақ иелеріне ешқандай зиянды әсерлері болмайды. Пастерелл

бактериялары көбіне аурудың алғашқы себептері болмайды, бірақ қолайсыз жағдайлар бола қалғанда жануарлардың ауруына әкеп соғады. Ауру өте тез өтеді де, ауру лап ете қалғаннан бастап, әдетте 10-30 сағат ішінде жануарлардың жаппай қырылуымен аяқталады. Аурудың тез арада басталуына не себеп болды – жұт, инфекцияның басқа формасы, азықтарының сапасының төмен болуы, ауа райының тым қолайсыздығы (қыстың қатаң болуы немесе жаздағы – ыстық, құрғақшылық) және тағы басқалар? Аурудың тез арада мұндай лап өтуінің табиғи жағдайын білуде бір кезде Моңғолияда жүргізілген зерттеудің үлкен маңызы бар (Ротшильд және басқалар, 1988¹). Дзерендердің өлімі қоректенетін азықтық шөптерінде микроэлементтер құрамында ауытқулық (аномалия) болуымен байланысты болған. Мысалы, зерттеу жұмыстары мынаны көрсетті. Жануарлардың ауыр ауруға шалдығуы өсімдікте мыс пен молибден құрамының бұзылуы, қорғасын мен цинктің концентрациясының өсуі және кобальттың жетімсіздігі

¹ Ротшильд Е.В., Евдокимова А.К., Амгалан Л. Аномальное содержание микроэлементов в растениях как фактор гибели монгольского дзерена. Бюл. МОИП, отд. биол. 1988, Т. 93, В. 2, С. 35-42.

байқалған. Соның нәтижесінде эндемикалық атаксия (немесе молибденді токсикоз) дами бастаған; ол асқазанның және көптеген ішкі органдар қызметінің бұзылуына себеп болған.

Бұл жағдайда арық, әлсіз жануарлар емес, негізінен, күйлі ірі аңдар қырылған. Дзерендердің қырылған уақытта жазда жайылымдарда азық құрамында мыстың, кобальттың сондай жетіліссіздігі анықталған; жаздың соңында қоректік шөптердің алмасуы организмге қорғасын мен цинктің көп түсуіне мүмкіндік берді, ең соңында, көлемі шағын жайылымдарда жануарлар азықтарында молибден дозасы да біршама өсті.

Жалпы алғанда, Е.В.Ротшильд пен т.б. мәліметтері бойынша, жабайы жануарлардың биогеохимиялық ауытқулардың зиянды әсерлерінен қорғана алады деуге ешқандай негіз жоқ. Бұл факторды жабайы кезкелген жануарлар түрлерінің осындай қиын жағдайларға ұшырау кезінде есепке алу керек. Осы бағытта жүргізілген

зерттеулер жануарлар популяциясын сақтау және бағалы түрлерді жерсіндірудің негізін, ортаның атропогендік өзгерістерін болжау, мал шаруашылығына келетін шығындарды алдан-ала ескерту, адам денсаулығын сақтау міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Жануарлар организмне артық түскен кейбір микроэлементтерді жануарлар рационына күкіртқышқыл мыстың (мыс купоросы) едәуір мөлшерін қосу арқылы азайтуға болады. Мұндай тәсіл қой жайылатын жайылымда тәжірибе жүзінде табысты қолданылған (ұсақталған мыс купоросын самолетпен сепкен). Е.В.Ротшильд және басқалардың мақаласында (1988) бұл тәжірибе сипатталып жазылған. Батыс Қазақстанда ақбөкендердің жаппай қырылуының себептерін анықтау үшін аңдар өлім-жітімге ұшыраған жерлерден ақбөкендер азықтарының биогеохимиялық құрамын зерттеу үшін материалдар алу қажет

к.б.н. А.А. Луцкеина,

МАБ/ЮНЕСКО Ресей комитеті,
saigak@hotmail.com

Сурет В.Кіршиковтікі



Шауып бара жатқан дзерендер тобы.

Жабайы тұяқтылардың пастереллезбен ауру жағдайлары

Пастереллез - *Pasteurella*, *Mannheimia* и *Vibersteinia* туыстарына жататын бактериялар тудыратын дүние жүзінде кең тараған ауру. Тіпті бір түрдің өзінде, басқаларына қарағанда, әртүрлі аурулар тудыратын бұл бактериялардың көптеген формалары болады. Бактериялардың пастереллездық комплексі дендері сау иелерінің тыныс алу жолдарында сақталады. Шаңның, паразиттік құрттар, токсиндер әсерінен, тыныс алу жолдарындағы инфекция, стресстің немесе тойып тамақ жемеу әсерінен иммундік жетіспеушілік бактериялардың өкпеге немесе қан системасына енуіне қолайлы жағдай тудырады. Ауру сондай қатаң болып, өкпені қабынуын (пневмония) тудырып, тіпті өлімге әкеп соқтырады. Өлгеннен кейінгі негізгі белгілер: құрсақ қуысының кебуі және, мүмкін, мұрындары мен ауыздары төңірегінде көбіктің болуы. Бактерия қанға өткенде, жұқпалы ауру – сепсисті тудырғанда өлім тез болады; соның нәтижесінде қан құйылады және диарей тудырады. Үй қойларында пастереллез әдетте тыныс алу жолдарының ауруының соңғы стадиясында пайда болады. Әсіресе, қозылары мен кәрі қойларды күштірек қамтып, тез арада жаппай өлім – жітімге ұшыратуы мүмкін. Бактериялар ұзақ уақыт организмдерден тыс жерде бола алмайды; сондықтан да бір жануардан екіншісіне тікелей байланысу арқылы беріледі.

Қойларда пастереллез ауруын тудыратын әртүрлі факторлардың бірлесіп әсер етуі кейде белгісіз болып қалады. Мысалы, жаппай қырылу әртүрлі жерлерден әкелінген, мысалы, сауда орындарында жануарлардың қосылып кетуінен жиі байқалады. Мұндай жағдайдың болуы-олардың араласуынан жаңа патогендік форма қанға енеді немесе жануарлардың үлкен топ болып жиналу себебінен болуы да ғажап емес және стресса. Тыныс алу жолының вирустық инфекциясы, басқа да аурулардікі сияқты, иммундік системаны қысып, екінші рет пастереллез ауруын тудыруы мүмкін.

Үй малдарына қарағанда, жабайы жануарлар пастереллез

комплексі бактерияларының кейбір формаларын тез қабылдағыш келуі мүмкін. Мысалы, канада арқары (*Ovis canadensis*) пастереллезді тез қабылдағыш және бұл ауру қайталанған кезде бұл жабайы қой тағы да қатысады. Соның нәтижесінде Солтүстік Американың кейбір аудандарында арқар популяциясының саны 90% кеміген. Кейбір жаппай ауру аңның үй қойларынан бактерияның патогендік формаларын жұқтырудан болса, кейде пастереллез стресстің немесе респираторлық вирустардың әсерінен ауырған жабайы қойлардың организмдерде сақталып қалған патогендік емес бактериялардың әсерінен де болуы мүмкін. Соңғы жылдары, *Ovis canadensis*-нің жиі пастереллезбен ауруы олардың қозылар санының кемуіне әкеп соқты; ол келешекте тіршілікке төзімді популяция санын төмендетті.

Ара-тұра жаппай аурудан кейін бактерия пастереллез группасы күйіс қайтаратын жабайы жануарлардан, антилопаларды қоса, жиірек бөлінген болады. Бірақ себепші болатын факторлардың күрделі қарым-қатанастарынан және дені сау жануарлардың организмдерінде бактериялардың болуы жағдайында пастереллездің жаппай өлім-жітімге ұшырау кезіндегі ролін анықтау қиын, мүмкін емес. Сондықтан да, пастереллез диагнозы мүмкін болатын басқа факторларды ескеріп, қойылуға тиіс. Оған вирустардың бар-жоғын тексеретін анализ (парагрипп вирусы, респираторно-синцитиальный вирус) жасау керек немесе басқа да стрессорлар әсері. Ақбөкен үшін көктем кезінде суық қыстан кейін азыққа жарма, төлдерін туар кезде анықтар иммунитеттерінің төмендеуі күшті стрессорлар болып табылады. Жалпы алғанда лактарының бір жерге топтануы олардың арасында инфекцияның таралу мүмкіндігін жасайды.

Жабайы табиғатта пастереллезға бақылау жасаудың нақты әдістері (әдістемелері) жоқ. Үй малдарының кейбір формалары үшін вакциналар бар, бірақ олардың жабайы жануарларға әсері толық зерттелмеген және кезкелген жағдайда оларды қолдану өте қиын немесе мүмкін емес.

Канада арқары жайында бақылау тек *Ovis canadensis* жайылымдарына үй малдарын жаюға шек қойылуымен ғана тынды. Мұндай стратегия ақбөкен үшін де қолдануға болады; мысалы, лақтарының топтасып жиналған жерінде мал жаюды тоқтату арқылы олардың байланысын және аурудың таралуын қысқартуға болар еді.

Бірақ бұл ақбөкен популяциясына асимптоматикалық бактериялардың әсерінен жаппай қырылу процесін сақтап қала алмайды; төлдеу кезінде көбеюге қатысатып топтарға жақын адамдар мен малдардың аз болуы хайуанаттардың стрессін азайтып, аурудың болмауына мүмкіндік беруі де ғажап емес. Ақбөкен жағдайында көктемгі топтасу бітіп, аңдар бөлек-бөлек жайылған кезде және жаз айларында азықтары мол кезінде биылғы жылғы пастереллезден жаппай қырылудан аман қалған жануарлардың одан әрі өлімдерін болдырмау керек, егер де жаппай қырылудың негізгі себебі - пастереллез болса.

Келешекте ақбөкеннің пастереллезбен ауруына қандай себептер болды, соны анықтау керек. Ауруды болдырмау мүмкіндігін жақсарту үшін жағдайды жақсы түсініп, басқару қажет; мысалы, жұт болған қыстан кейін қосымша азықтандыруды ұйымдастыру сияқты. Тіпті мұндай шараны орындау мүмкін болмаса да, ақбөкенді сақтап қалудың басқа да шараларын қарастыруға мүмкіндік береді. Егерде жаппай қырылу аурудан болса, онда ол ақбөкен экологиясының бір бөлімі болып табылады; сол кезде бұл аңды сақтау стратегиясында орын алуы керек. Жаппай қырылу процесін тудыратын немесе бұл процесті күшейтетін антропогендік факторлар әсерін азайту шараларын көрсету қажет. Ақбөкенде аурудың эпидемиологиясын



Ақбөкендер қарындарының кеуіп кетуі – пастереллездің негізгі белгісі.

жақсы білу үшін бұл мәселені зерттеу керек, өйткені аурудың дамуына әсер ететін факторлар өте аз зерттелген. Инфекцияның қайталану мүмкіндігін ескеру қажет, мысалы, мұндай жағдай болатындай болса, келешектегі жағдайды тестирования ету үшін материалды сақтау әдісін зерттеп, дайындау қажет. Сау және өлген ақбөкенде денелерінің күйі, қазіргі және бұрынғы азықтарының жайы, кеңістікте таралуы және аңдардың аурулары сияқты әсер ететін экологиялық факторлар зерттеу программасына енуі керек.

Д-р. Эрик Морган,

Бристоль университетінің ветеринарлық паразитология и экология ғылыми группасы, Ұлыбритания,
Eric.Morgan@bristol.ac.uk

Жаңалықтар

Өзбекстан мен Қазақстан ақбөкеннің жалпы популяциясын сақтау мен қалпына келтіру туралы екіжақты келісімге қол қойды

Интерфакс агенттігі хабарлағандай, 2010 ж. 17 наурызында Ташкентте Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Өзбекстанға арнаулы ресми сапарында бес документтерге қол қойылды. Соның бірі - Өзбекстан Республикасы табиғатты қорғау мемлекеттік комитетінің

Төрағасы Нариман Умаров пен Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрі Ақылбек Күрішбаев ақбөкендер популяциясын қорғау, қалпына келтіру және тұрақты дамыту келісіміне қол қойды.

Толығырақ:

http://www.interfax.kz/?lang=rus&int_id=10&news_id=5121.

Ақбөкенді сақтау Альянсы қайырымдылық ұйым деген арнаулы статус алды

2010 жылдың 10 мамырында ақбөкенді сақтау Альянсы арнаулы қайырымдылық ұйым болды; және Англия мен Уэльстың қайырымдылық ұйымдар Комиссиясында тіркелді әрі заңды түрде ресмиленді (№ 1135851). Бұл ақбөкенді сақтау Альянсының Ұлыбританияда толық құқықтық право статусы бар екендігін көрсетеді және көптеген гранттар алуына заякәлар беруіне болады. Сондай-ақ донорлар біздің танымал ұйым екенімізді біліп қойсын. SCA-ның уставы, оның структурасы және штаты

туралы мәлімет мына вебсайтта; www.saiga-conservation.com немесе төрағадан (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk) немесе атқарушы секретарьдан (esipov@xnet.uz) алуға болады. SCA-ның жылсайынғы жалпы жиналысы 2010 ж. 11-ші қыркүйекте сағат 14.00-те Залучуд қонақ үйінде (Улан-Батор) өтеді, CMS - МоВ кездесуінен кейін. Келемдеушілерге есік ашық. Тек бізбен алдына - ала байланысыңыздар, Сіздерді күтіп алуға дайынбыз.

Қазақстан ақбөкен аулауға тыйым салуды тағы да 10 жылға ұзатпақшы

Республиканың ауыл шаруашылық министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Хаирбек Мұсабаев «Қазақстанда ақбөкендер аулауға тыйым салу 2021 жылға дейін ұзартылады» деп хабарлады. Оның сөзіне қарағанда, ақбөкенді аулауға

тыйым салу, бұл жануарлардың саны 200 мыңнан асқан соң алынып тасталады. Қазақстандағы ақбөкеннің қазіргі саны шамамен 90 мыңдай (әрі қарай қара).

Толығырақ: <http://www.zakon.kz/173822-kazakhstan-nameren-zapretit-okhotitsja.html>

Өзбекстан парламентінде ақбөкенді сақтау проблемасы

талқылануда

2010 ж. 23 сәуірінде Өзбекстанның экологиялық қозғалысы атынан депутаттар группасы және Өзбекстан Республикасы мәжілісінің заң шығаратын Олий палатасының экология мәселесі және қоршаған ортаны қорғау комитеті: «Приаральяның әлеуметтік экологиялық проблемаларын шешу мақсатында халықаралық ұйымдармен байланыстардың келешегі» тақырыбында дөңгелек стол мәжілісін өткізді. Мәжілістің барысында халықаралық ұйымдармен байланыстарды дамыту бағыттарында біраз мәселелер жөнінде бірқатар ұсыныстар қабылданды; оның ішінде экосистема деградациясымен күресу, Арал теңізі катастрофасы әсерін кеміту, трансграничный өзендер суын тиімді пайдалану, регионның

экологиялық қауіпсіздігін қалтамасыз ету және тұрақты дамыту.

Дөңгелек столға қатысушылар сондай-ақ комплексті экологиялық проектілерді орындау жөнінде ұсыныстар жасады; ол үшін БҰҰ (ООН) сияқты беделді ұйымдардың жан-жақты қолдауы қажет. Сондай ұсынылған проектілердің бірі-өсімдіктер мен жануарлар популяцияларын қалпына келтіру, оған ақбөкен және қорғалатын табиғи территориялар көлемін өсіру де кіреді.

Толығырақ:

http://www.econews.uz/index.php?option=com_content&view=article&id=296:ecologists-have-united-in-the-decision-of-problem&catid=5:water-&Itemid=15.

Ресей Федерациясының табиғат ресурстары мен экология министрі ақбөкенді сақтау керектігін атап көрсетті

2010 ж. 1-ші сәуірде Қалмақияға біркүндік жұмыс сапарымен РФ-ның табиғат ресурстары мен экология министрі Юрий Трутнев келді. Оның төрағалығымен Элиста қаласында Қалмақ Республикасы басшысының, республикалық Үкімет мүшелерінің, экологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі, ақбөкенді сақтау мен табиғи ресурстарды пайдалану федеральдық Басқармасы

басшыларының қатысуымен мәжіліс өткізілді. Мәжіліс барысында РФ-ның табиғи ресурстар Министрлігінің мамандары қоршаған ортаға қолайсыз әсерлерді кемітетін федеральдық заңдардың проектілерімен таныстырды.

Толығырақ:

<http://www.elista.org/elista/kalmykiyu-s-rabochim-vizitom-posetil-ministr-prirodnyih-resursov-i-ekologii-rf-yuriy-trutnev.html>.

Қалмақ университетінде ақбөкенге арналған дөңгелек стол өтті

2010 ж. 18 наурызда Қалмақ мемлекеттік университетінде ақбөкенді сақтау мәселесіне арналған дөңгелек стол мәжілісі өтті. Студенттер ақбөкеннің қоректену, өніп-өсу, қоныс аудару және санының өзгеру ерекшеліктері туралы баяндамалар жасады. Сондай-ақ дөңгелек столда региональдық Минприроданың, мемлекеттік табиғи биосфера қорығы «Черные земли» және РК-ның жабайы жануарлар Орталығының өкілдері сөз

сөйледі. Административті реформа жүргізуге байланысты мониторинг, браконьерлік, ақбөкенді қорғаудың жеткіліксіздігі, қаржының тапшылығы туралы проблемалар талқыланды (редакциядан: ақбөкенді қорғау өкілдігі Ресейдің Минсельхозынан Минприродаға берілді). Осы уақытқа дейін ақбөкенді қорғау жөніндегі арнаулы отрядты қайта ұйымдастыру мәселесі шешілген жоқ.

«Известий Калмыкии» материалдары бойынша, 20 наурыз 2010ж.

Қалмақияда ақбөкен жылына арналған жастар форумы

2010 ж. 28 мамырда РК Үкіметінің мәжіліс залында ақбөкен жылына арналған региональдық жастардың «Экология. Инновация. Адам» атты экологиялық форумы өтті. Форумның ашылуына Қалмақия Республикасының басшысы Кирсан Илюмжинов, РК-ның білім, мәдениет және ғылым министрі Бадма Салаев, сонымен бірге республика ғалымдары мен Оңтүстік Федеральдық университетінің оқымыстылары қатысты. Қалмақия Республикасының басшысы қазірде экология мәселелерінің сондай актуальды екендігін және оларды қысқа уақытта шешу керектігін айтты. Салтанатты ашудан кейін фойеде инновациондық проектілер көрмесі ашылды. Толығырақ:

<http://www.elista.org/elista/v-elite-sostoyalos-otkryitie-molodezhnogo-ekologicheskogo-foruma.html>.



Сурет Элиста ОКГ

Кирсан Илюмжиновтың құттықтау сөзі.

2010 ж. Қазақстанда ақбөкенге жүргізілген авиасанақтың қортындылары

Қазақстанда ақбөкенге жылсайынғы самолетпен санақ жұмысы 2010 жылдың сәуір айының 9-ынан 1 мамырға дейін өткізілді. Оған ҚР-ның Зоология институтының, ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің, «Охотзоопром», облыстардың және аңшылық шаруашылықтары инспекциясы мен Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау Ассоциациясының қызметкерлері қатысты. Санақ мәліметі бойынша, ақбөкеннің жалпы саны - 97,4 мың болды (2009 ж. – 81,0 мыңдай еді), оның ішінде бетпақдала

популяциясының саны – 53,4 мың, Үстірттікі – 4,9 мың, Оралдыкі - 39,0 мыңдай болды. Былтырғы жылмен салыстырғанда, бетпақдала мен орал популяцияларының саны өсті де, үстірт популяциясының саны қысқарды. 2010 ж. мамыр айында 12 мың ақбөкен пастереллездан жаппай қырылған соң (жоғарыда қара), орал популяциясының саны қысқарып, 2009 жылдың дәрежесінде қалды (шамамен 27 мыңдай). Сонымен, Қазақстанда бүгінде ақбөкеннің жалпы саны - 85,3 мыңдай болып отыр.

Қосымша мәліметті Ю.Грачев береді, teriolegi@mail.ru.

Ақбөкендердің қоныс ауыстырушылығын радиошейниктер көмегімен бақылау

Қалмакия Республикасы жабайы жануарлар Орталық базасында телеметрия әдісін пайдалану арқылы ақбөкеннің қоныс аударуын зерттеу жөнінде қызықты және маңызды жұмыс атқарылуда. Тәжірибе бұдан бірнеше жыл бұрын Вискансин штаты Университеті мен РҒА-ның А.Н.Северцов атындағы экология и эволюция проблемасы институтының мамандарымен бірлесіп басталған еді. Радиошейниктер National Geographic фондысына алынған. 2009 ж. желтоқсан айында үш ақбөкен текесіне радиошейниктер кигізілген. Олар жайылып жатқан ақбөкендер тобына жақын жатқан жерге «Волга» мал фермасының маңына жіберілген. Ошейник кигізілген

ақбөкендер олардың жабайы топтарына жақсы бейімделді. Тәжірибенің нәтижесінен көрінгендей, ақбөкендердің күйге түсетін орындарының бірі - «Черные земли» мемлекеттік табиғи биосфералық қорығы буферлік зонасының солтүстік және шығыс бөлігі екендігін көрсетті. Ресейдің Астрахань облысындағы «Степной» қорықшасы территориясына табиғи ортаға Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар Орталығында өсірілген ақбөкеннің аналығы жіберілген. Алынған мәліметтер табиғат қорғау ұйымдарына табиғи ортада популяцияларды тиімді қорғауға мүмкіндік береді. *«Известия Калмыкии», 6 ақпан 2010 ж. № 20 және мынада:*
<http://www.astrakhan.net/?ai=23488>.

Питомниктерде жаңа туған ақбөкен лақтары пайда болды

2010 ж. 22 маусымда «Инерфакс-Юг» агенттігі хабарлағандай, Қалмакия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы қызметкерлері тұңғыш рет ақбөкенді көбейтіп, өсіруде едәуір табысқа жетті: "Осы жыл өте табысты болды: 40-тан астам ақбөкен аналығынан шамамен 35 лақ алдық. Бұл питомниктың 10 жыл жұмыс істеген уақытындағы үлкен көрсеткіш болып табылады. Шөптердің биік өсуіне байланысты олардың арасында қанша лақ барын анықтау өте қиын, өйткені жануарлар лақтарын

қорғап, адамдарды жанына жақындатпайды. Бірақ өткен жылғы туған лақтар санына қарағанда биылғы көктемдегі көбею, өніп-өсу шамамен 2 есе көп», - дейді Орталық директоры Юрий Арылов.

2010 ж. Ганьсюдегі (Қытай) сирек жануарларды өсіретін Орталықта 26-дан астам ақбөкен лақтары туды. Оларды қоса есептегенде питомникте ақбөкен саны 80-ге жетті.

Толығырақ

<http://news.xinmin.cn/rollnews/2010/07/18/5833748.html>.

«Алтын-Дала» сурет көрмесі

29 сәуірде Қазақстандағы Германия жылы аясында Алматыда «Алтын-Дала» сурет көрмесі ашылды. Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау Ассоциациясының бұл инициативасы республиканың далалық және жартылай шөлейтті экосистемаларын сақтау мен қалпына келтіруге арналған. Мәселен, орталық Азия далаларының символы – ақбөкеннің бетпақдала популяциясын қорғау. Көрме 10

информациондық және видеороликтерден тұрады. Онда ерекше қорғалатын табиғи территорияларда, аңшылық шаруашылықтарында атқарып жатқан ғылыми – зерттеу жұмыстары туралы, жануарлар дүншесін қорғау мен мониторинг жайында және браконьерлермен күресу туралы материалдар көрсетілген. Жылжымалы сурет көрмесі бүкіл жыл бойы Қазақстанның көптеген қалаларында көрсетілетін болады.

Толығырақ:

<http://inform.kz/rus/article/2263579>.

Еуропа жабайы табиғатының ғажайыбы

2008 жылдың басында "Еуропа жабайы табиғатының ғажайыбы" (Wild Wonders of Europe) атты халықаралық табиғат қорғау фотопроектісі жұмыс істей бастады. Бұл проектіде екі жыл ішінде 60-тан астам көрнекті фотографтар – натуралистер қатысты. Ресейден фотограф Игорь Шпиленок қатысты; оның творчествалық басты тақырыбы – ресейдің қорықтары мен ұлттық паркттері. Бұл проекті туралы толығырақ мына сайттардан аласыздар:

<http://www.wild-wonders.com> и на сайте Игоря Шпиленка: http://shpilenok.ru/galleryru_8.html и его блоге: <http://shpilenok.livejournal.com/6141.html>.

Редакциядан: Игорь Шпиленок – SCA-ның көптен бергі досы. Көп жыл ол Қалмакияда жұмыс істеді. Далалы өлкенің қайталанбас табиғатын жырлады. Біз мақтанамыз, бұл тамаша фотографтың жұмысы *Saiga News* беттерін де сәндендіреді.

Өзбекстанда ақбөкен Күнін тойлады

Өзбекстанда маңында ақбөкен мекендейтін Үстірт поселкаларында 4-шы жыл ақбөкен Күні табыспен атап өтілуде. Ақбөкен күнін тойлау өткізу мерзіміне қарай жануарлардың көбею кезеңіне сәйкес келеді; өйткені бұл кезең қайта жаңарудың, өніп-өсудің, өлкенің туған табиғатын сақтау мейрамы болып табылады. Биылғы жылы мейрам 26-27 сәуірде өтті. Оны ұйымдастыру мен өткізуде мектеп оқушылары, мұғалімдер, Жаслық және Қарақалпакия поселкаларының тұрғындары, сондай-ақ ақбөкенді сақтау Альянсының мүшелері қатысты. Ақбөкен күнін өткізу жабайы табиғатты сақтау ұйымының (WCN) арқасында жүзеге асты. Әдет бойынша, мейрам алдында сурет салу және әдебиет конкурстары болып, оған 7-жастан 15 жасқа дейінгі балалар қатысты. Жақсы жұмыстардың авторлары SCA-ның арнаулы сыйлықтарымен марапатталды. Сондай қызық әрі мазмұнды шығармалар ақбөкен туралы жеке кітапшалар түрінде балалар үшін жарияланатын болады. Оған әсемдеу үшін балалардың



Сурет А.Есеновтікі

Үстірттегі ақбөкен күні.

салған суреттері пайдаланады. Қазірде бұл кітапшаның макеті жасалуда.

Мейрамға қатысушы мектептер ақбөкен Күнін әрқайсысы өздерінше өткізді. Мұнда қызғылықты конкурстар мен спорттық жарыстар өтті. Онда «Ақбөкен» командасы мен «Барыс» командасы балалары әрқайсысы өз мүдделерін қорғады; қызықты викториналар болды, сол арқылы биология және табиғатты қорғау мәселелері бойынша білімдерін сынады. Жанкүйелілер футболдан дүние жүзі чемпионатындай өз командаларын сондай азарттықпен қолдады. Ақбөкенге және табиғатқа арналған өлеңдер оқылды, билер биленді; мұғалімдер мен оқушылар жазған кіші спектаклдер қойылды; мейрамды ұмытылмастай етіп ұйымдастырды. Жаслық поселкасында ақбөкен күнін өткізуге сәйкес қыздардың – колонер мүшелері жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды (әрі қарай қара).

«Бұрын бізде ақбөкенді қорғауға арналған мұндай арнаулы шараларды өткізу практикасы болған жоқ», - дейді №26 мектептің директоры Ажимова Дина Болтаевна, пос.Қарақалпакия. «Ақбөкендер даладан бөлінбейді. Мен дүние жүзінде барлығы бір-біріне байланысты деп санаймын: адам, дала, ақбөкендер. Мені адамдардың ақбөкен жөніндегі қарама-қарсы пікірлері таңқалдырады.



Белеуліге экскурсия.

Орал қаласында ақбөкенді қорғауға арналған ереуіл

Маусым айының басында Орал журналистері 12 мың ақбөкендердің жаппай қырылуының себептерін объективті (шындықпен) зерттеу керектігін талап еткен флешмоб (ереуіл) өткізді (қара жоғарыда). 25 адам Орал қаласының орталық алаңына шығып, қала әкімшілігінің үйі алдында жатып, өлген ақбөкендерді бейнелей бастады. Флешмобтың



Суреп А. Есановтің

Қарақалпакия поселкасында мектебіндегі спорттық жарыс.

Олар, бір жағынан, ақбөкенді «күйелі» аң деп санап, оны өлтіру күнә десе, ал, екінші жағынан, оны қырып-жояды. Бұл ғажап аңды сақтау тақырыбы бізді, мұғалімдерді, біздің оқушыларды және олардың ата-аналарын таңқалдырып, бізде де оған деген сүйіншілігімізді оятты «Мұндай жұмыстарды мектептерде өткізу өте дұрыс. Бұл балалар саналарына әсер етеді, ал балалар ата-аналар саналарына әсер етеді. Олар бізді тыңдамауы мүмкін, ал балаларын тыңдайды». № 26 мектептің мұғалімдерінің инициативасы бойынша, ақбөкен Күнін поселка деңгейінде атап өту туралы ұсыныс түсті. Бұл идея Қарақалпакия және Жаслық поселкаларының жергілікті әкімшіліктермен талданып, олардан толық мақылдау алынды. Мейрамның келесі күнінде Жаслық поселкасынан творчестволық конкурстың жеңімпаздары ақбөкеннің бұрынғы кезде көбейетін жері – ортағасырда караван-сарай болған Белеулыге экскурсияға аттанды. Оқушылар бұл тарихи ескерткіштің тарихымен және сәл кездегі тіршілігімен танысты; оның маңында қандай жануарлар тіршілік еткенін де білді; ақбөкен мен даланың басқа да жануарларының мекендейтін жерін көрді.

мақсаты – ақбөкендер өлімдері себептерін әділ зерттеуге жету, сонымен бірге азаматтық қоғамды ояту, оларға Батыс Қазақстан облысында болып жатқан процестерге белсенді түрде қатысу керектігін ұғындыру. Үкіметте біздің акцияға көңіл аударады ғой деп үміттенеді журналистерде.

Толығырақ:

[http://respublika-](http://respublika-kaz.ya.ru/replies.xml?item_no=3136)

[kaz.ya.ru/replies.xml?item_no=3136.](http://respublika-kaz.ya.ru/replies.xml?item_no=3136)

Жәрдем көрсетуге халықаралық фондыларда үн қосты

Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкендер қыстың суық болуына байланысты және браконьерліктің арқасында жаппай қырылудың алдында тұрды. Ақбөкендердің ауыр халінің себебі – бетінде мұз қатқан терең қар (жұт). Бұл антилопалардың азық тауып жеуін шектеді және олардың қозғалып жүруін қиындатты. Соның нәтижесінде жануарлар жауларынан және браконьерлерден қорғана алмай әрі аштықтан жаппай қырылады (Saiga News-тің №10 қара). Жабайы табиғаттың дүние жүзілік қоры (WWF) браконьерлерге қарсы жұмысқа пайдалану үшін 200 мың сом жинап, оны табиғи қорықша «Степной» мен «Біздің өлке» региональдық экологиялық ұйымға жіберді. Қазірде WWF бұл түрді ұзақмерзімді сақтау мақсатында жәрдем көрсету үшін компаниялармен келісім жүргізуде.

Толығырақ:

[http://www.infox.ru/science/animal/2010/03/02/V_prikaspiysko_m_snye.phtml.](http://www.infox.ru/science/animal/2010/03/02/V_prikaspiysko_m_snye.phtml)

Сонымен бірге, қоғамдық ұйым «Біздің өлке» IFAW халықаралық ұйымының кіші гранттар программасы бойынша ұтқан 5 мың долларын ақбөкенді қорғау шараларын өткізу үшін Қалмақ Республикасының Минприродасына жіберген. «Біздің өлке» сондай-ақ «Лукойл»-дан алған грантының біраз бөлігін (1/3 бөлігі 200 мың сомнан) Қалмақия Республикасында ақбөкенді сақтау жөніндегі ағарту, үгіт-насихат шараларын жүзеге асыру үшін жұмсады. «Известий Калмыкий», 20 ақпан, 2010 ж., №30 (4756) және «Правительственной газеты», 13 наурыз 2010 ж. №24 (825) материалдары бойынша. АҚШ пен Ұлыбританиядан жеке жәрдем көрсету арқасында, WCN пен SCA арқылы, Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкендерді сақтап қалуға 2600 доллар жиналды. Ақшалар браконьерлермен күресу үшін «Степной» қорықшасына және жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін «Біздің өлке» қоғамдық ұйымына берілді.

Ресейде ақбөкен үшін «тыныштық зонасы» ұйымдастырылды

2010 ж. 20-ші сәуірінен 31-ші мамырға дейін ақбөкен мекендейтін жерлерде тыныштық зонасы ұйымдастырылды. «Черные земли» мемлекеттік табиға

биосфералық қорығында және оған жақын орналасқан территорияларда шаруашылықтың кезкелген түрін жүргізу шектелген, қорғау режимін бұзуға болмайды, автокөлікпен

және жеке адамдардың Қалмакия Республикасының табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау және энергетиканы дамыту Министрлігінің және қорық әкімшілігінің рұқсатынсыз жүруге болмайды. Көрсетілген территорияда ҚР-сы Минприродасы ҚР-сы МВД арасындағы бірігіп

Браконьерлік пен жасырын сауда жасаудың жолын кесу оқиғалары

Орал популяциясы

8 ақпан 2010 ж.

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының соты заңсыз ақбөкендерді аулаған үшін Казталов ауданының тұрғыны А.Тайгареновты және Жәнібек ауданының тұрғыны С.Насеновті екі жылға бас бостандықтарынан айырды. Олар заңсыз төрт ақбөкенді атып алған. Браконьерлерден келтірілген шығын (1 млн. тенге) өндіріліп алынған, мылтықтары конфискиленген.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2236120>.

Бетпақдала популяциясы

17 ақпан 2010 ж.

Қарағанды облысында браконьерлер ұсталды, олардан ақбөкеннің алты тушасы алынды. Ұлытау ауданындағы Қоскөл селосының маңындағы Ақшал жерінде екі адам ақбөкендерді заңсыз аулаумен айналысқан. Өндірістік бірлестік "Охотзоопром" инспекторлары көрінгенде браконьерлер жасырынуға тырысқан, бірақ оларды қуғанда автокөліктері аударып қалды. Осы жерде Ұлытау ауданының егері және 21 жастағы студент ұсталды. Ұсталғандардан атылған ақбөкендер мен мылтық, патрондар алынды. Толығырақ

http://old.minagri.gov.kz/news/index.php?ELEMENT_ID=7828
<http://kt.kz/index.php?lang=rus&uin=1138536468&chapter=1153510433>.

10 наурыз 2010 ж.

Қазақстанның Қостанай облысы Жангелді ауданының Тауыш селосында екі ақбөкен атып алған браконьер ұсталған. Облыстық орман және аңшылық шаруашылығының территориялық басқармасының қызметкері браконьердің сарайынан қылмыстық істің іздерін және заттық дәлелдер табылған. Ұсталғаннан екі ақбөкен тушқасы (аталық, аналық), тіркелмеген мылтық, пышақ, ақбөкеннің мүйізі, снегоход алынды. Бұл факті бойынша қылмыстық іс қозғалған. Келтірілген шығынның құны 454 550 тенге (3 000 доллар АҚШ) шамасында.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2246513>.

2 маусым 2010 ж.

Қостанай облысының оңтүстігінде, Жангелді ауданындағы Ақкөл селосынан батысқа қарай 53 шақырымда ақбөкеннің 31 шіріген, бұзылған тушқалары табылған. Олардан экспертиза жасау үшін екі тушка алынып, басқаларын жандырып жіберген. Бірақ лабораториялық зерттеулер арқылы жануарлардың өлу себептерін анықтауға мүмкіндік болмады. Тқандардың жаман сақталуы тек сібір язвасына анализ жасалған, бірақ нәтижесі – жағымсыз болды. Деседе, бұл жағдайда жаппай браконьерліктің орын алғаны көрініп тұр, өйткені барлық ақбөкендердің мүйізі кесіліп алынған. Бұл факті бойынша тергеу шаралары жүргізілуде, шығын мөлшері анықталуда.

Толығырақ

<http://today.kz/ru/news/kazakhstan/2010-06-18/22871>;
<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1138536468&chapter=1153519833>.

Үстірт популяциясы

21 ақпан 2010 ж.

Қазақстанның Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Ақшатау поселкасында заңсыз аң аулау фактісі белгілі болды. Ішкі істер органдарына Темір және Ойыл аудандарының 4 ақбөкен атқан 30-54 жас шамасындағы бес

қызмет атқару келісіміне сәйкес мемлекеттік инспекторлар мен милиция қызметкерлері бірлескен патрульдеу жүргізеді.

«Известия Калмыкий», 24 сәуір 2010 ж. материалдары бойынша

тұрғындары жеткізілді. Браконьерлерді Ақтөбе облысының жануарлар дүниесін реттеу және бақылау инспекциясының қызметкерлері ұстаған, РОВД-сына оларды әкеп тапсырған. Олардан үш мылтық, патрондар және екі бинокль алынған. Бұл факті бойынша УК РК 288 статьясы бойынша (Заңсыз аң аулау) қылмыстық іс қозғалған.

Толығырақ <http://news.gazeta.kz/art.asp?aid=141681>.

24 наурыз 2010 ж.

Әртүрлі дәрежеде сақталған ақбөкеннің 8 мүйізі Қарақалпақияның Кунград ауданының Қарақалпакия поселкасының ешбір документі жоқ тұрғынынан № 917 Кунград-Бейнеу поезында алынды. Бұл материал Аралдың табиғат қорғау прокуратурасына берілді. Оларды транспорт милициясы мен Қарақалпақстанның Госкомприродасы ұстаған.

4 сәуір 2010 ж.

Өзбекстанның Ташкент облысы Кеден Басқармасының Гишт-Куприк кедендік комплексінде 119 ақбөкен мүйіздері бар сумка табылды. Сумканың иесі ақбөкен мүйіздерін заңсыз Қазақстан территориясына алып шықпақшы болуы керек; бірақ оны істей алмаған соң, сумканы тастап кеткен. Бұл істің материалдары, қарау үшін, облыстық прокуратураға берілген.

Қосымша мәліметтерді [А.Есиповтан алуға болады, esipov@xnet.uz](mailto:A.Esipov@xnet.uz).



Сурет Ташкент обл. кеден басқармасының

Өзбекстаннан Қазақстанға жеткізбек болған ақбөкен мүйіздері

Солтүстік-Батыс Прикаспий

11 наурыз 2010 ж.

Ресейдің Қалмакия бойынша ФСБ басқармасы мен Қалмакия бойынша Ресейдің тергеу жүргізу СКП басқармасының бірлесіп жүргізген операцияларының арқасында Элиста-Лагань трассасынан алыс емес жерде Черноземельдің РОВД-сының қызметкері ұсталған; оның машинасында ақбөкеннің 19 тушқасы болған. Ішкі істер қызметкерінен басқа машинада тағы да үш адам бар екен. Тексерген кезде ақбөкеннің тушқаларында оқтан қалған тесіктер байқалған және барлық ақбөкендердің тамақтары кесілген. "Сайга" карабины алынды. Бұл факті бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қалмақияның МВД-сінің пресслужбасының мәліметі бойынша ішкі істер органынан милиционер жұмыстан босатылған. Толығырақ

<http://www.regnum.ru/news/accidents/1263709.html>;
<http://www.regnum.ru/news/accidents/1263709.html>.

Ресейдің Волгоград облысы Палласов ауданында шекаралық Эльтон поселкесіне жақын жерде автокөлік тоқтатылды, онда ақбөкен тушқасы және мылтық болды. Автокөлікте мылтық пен өлген жануардың қалай болғанын анықтау кезінде ұсталғандар қылмыс жасаған жерден қашып кетуге тырысқан. Бірақ екі сағаттай қуғаннан кейін автокөлікті ұстап алдық. Сол кезде шофер және оның қасындағы жолаушы шекара қызметкерлеріне қарсылық көрсетті. Қазірде бұл фактының барлық материалдары Волгоград облысы әкімшілігінің аңшылық шаруашылығы басқармасының аңшылық шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөліміне тапсырылды. Әрі қарай бұл материалға қылмыстық іс қозғалуға тиіс. *Толығырақ* <http://v1.ru/newsline/274670.html>.

22 сәуір 2010 ж.

Элиста постысында дорожно-патрульдық служба қызметкерлері ұстаған автокөлікте ақбөкеннің тушасы және 20 ақбөкен мүйізі табылған. Қылмыстық жүк алынды; қылмыстық іс тексерілуде.

«Известия Калмыкии» материалы, 27 сәуір 2010 ж.

Қытай

Мамыр 2010 ж.

Шензенде (Оңтүстік Қытай) Хуанган кеденінде жалпы



Сурет А. Хурдоевтікі.

Браконьерлер өлтірген ақбөкен текесі.

бағасы 650 000 юань (шамамен 100 000 долл. АҚШ) болатын 22 ақбөкен мүйіздері алынған. Гонконгтан заңсыз сирек түрдің мүйіздерін алып шыққан күдікті екі адам ұсталған. Қылмыстық іс қозғалған. *Толығырақ:* http://news.dayoo.com/shenzhen/201005/12/73439_1274599_2.htm

Мақалалар

Моңғол ақбөкенінің (*Saiga tatarica mongolica*) үй малдарының ауруларына ұшырағыштығы

Шилегдамба Э.¹, Файн А.Е.¹, Бувейбатар Б.², Лхагвасурен Б.^{2*}, Муррей К.¹, Бергер Дж.¹

¹Жабайы табиғатты қорғау қоғамы, ²Моңғол Ғылым Академиясының биология институты, *WWF Моңғолия, eshiilegdamba@wcs.org

Моңғол ақбөкен (*Saiga tatarica mongolica*) - Батыс Моңғолияның Алтай-Саян регионнда тіршілігіне қауіп төніп тұрған түрлердің бірі. WWF-Моңғолия және биология институтының зерттеулері бойынша, 1998 ж. моңғол ақбөкенінің жалпы саны - 2 950, ал 2000 ж. - 5 240 бас болған. Шарға қорығы мен оның маңында (Гоби-Алтай аймағы) қазіргі зерттеулер 2006 ж. ақбөкен саны 4 938 (95% lim 2 762-8 828) 4 524 km² болса, 2007 ж. ол 7 221 (95% lim 4 380-11 903) бас 4 678 km² көлемде жерде болғанын көрсетті. Соңғы бірқатар жылдары моңғол ақбөкені санының кемуі табиғи факторлар, санының табиғи өзгеруі, малдың көп жайылуы және аңшылық әсерлерінен болған. Сондай себептердің бірі ретінде үй малдары ауруларының

ақбөкенге әсерін зерттеу керектігі туралы ұсыныстар түсті. Әдебиеттерге шолу моңғол ақбөкенінің аурулары нашар зерттелгенін көрсетті. Сондықтанда моңғол ақбөкендерінің үй малдарының жұқпалы ауруларымен ауру процестерін зерттеу – аурулардың динамикасын тексерудің алғашқы кезеңі болып табылады; және аурулардың жабайы жануарларға берілуін тоқтатуға мүмкіндік береді. Ландервольд (2004²) хабарлағандай, Қазақстанда тексерілген барлық сиыр, қой мен ешкілерде аусыл вирусы (FMD), көк тіл ауруының вирусы (BTV), геморрагикалық безгек вирусы (EHFV), оба ауруының вирусы (PPRV) және бруцеллездің вирусы табылған. Бұл аталған аурулардың бұл регионда үй малдарынан жабайы жануарларға берілу мүмкіндігі мол екендігін көрсетеді.

2006 ж. тамыз айында жабайы табиғатты қорғау қоғамы (WCS) MFA-сы биология институтымен бірлесіп әуелі Шарға қорығында (SN-тің 4-ші нөмерін кара) ақбөкендерге радиошейниктер кигізілді. Жұмыстың мақсаты – ақбөкендердің қоныс ауыстыруын және өмір сүру жағдайын зерттеу еді. Оларды аулау кезінде 8 ақбөкеннің (7 аналық, бір лағы) венасынан қан алынды. Жиналған қаннан сыворотка (сарысу) алынды. Бұл сывороткалар -20⁰ температурада Моңғолияда 2009 жылға дейін сақталды, сонан соң олар қатырылған түрде АҚШ-ына Корнель университетінің жануарлардың ауруларына диагностика және ветеринарлық Колледжіге жіберілді. Сыворотка үлгілері Моңғолияда үй малдарында аурулардың бар-жоқтығына зерттеулер жүргізуге пайдаланылған; оның ішінде аусыл (FMD), қойдың көк тіл вирусы (BTV), ірі қара малдың диарея вирусы (BVD), қара малдың респираторно-синцитиальдық вирусы (BRSV), ірі қара малдың парагриппа



Сурет К. Муррейдікі

2006 ж. радиосақиналау проектiсi кезiнде моңғол ақбөкенiн аулау

² Жұмыс кандидаттық диссертациялар архивінде www.iccs.org.uk

вирусы, тип 3 (PIV-3), контагиозный эктима ауыз қуысының қабынуы (Orf), лептоспироза (9 серологическалық анализ), бруцеллез және паратуберкулез (Джон ауруы) аурулары. Ауру үш жануарда табылды. 8 моңғол ақбөкенінің екеуі контагиоздық эктемамен зақымдалған (бір ересек аналық әлсіз жағамды реакция көрсетсе, екіншісінде инфекцияға ұшырау күдігі бар), иммунофлуоресценттік тестирования бойынша, ал бір аң (ересек аналық әлісіз жағамды реакция) парагриппа вирусымен зақымдалған (PIV-3). PIV-3 маңызды әрі кең тараған күйіс қайыратын үй малдарының ауруы. Әдетте инфекция ірі қара мал, қой мен ешкілер арасында тез тарайды. PIV-3 жұқтырған жануарда екінші бактериальдық пневмония пайда болады. Ол жануарды емдемесе, өлімге әкеп соғады. Контагиоздық эктема (ауыз қуысының қабынуы) қой мен ешкінің әдеттегі ауруы; адамға да беріледі және дүние жүзінде кең тараған. Ол солтүстік бұғы мен овцебыкты де (*Ovibos moschatus*) байқалған. Зақымданған жануарларда бір немесе бірнеше жылға иммунитет пайда болады, бірақ зақымданбаған особьтарда ауру дәрежесі жоғары (80%). PIV-3 қан тамыры сосудтарын, көздің сілегейлі қабыршасын, сыртқы жыныс мүшелерін немесе емшекті, оның ұшын зақымдайды, бірақ күйіс қайыратын үй малдарының

«Астрахань» мемлекеттік тәжірибелік аңшылық шаруашылығында ақбөкендерді өсіру

Франов Н.А., Газарин В.В.

ФГУ ГООХ «Астрахань», nfranov@rambler.ru

2001 ж. РФ-дің ауыл шаруашылық Министрлігінің аңшылық департаменті «Астрахань» мемлекеттік тәжірибелік аңшылық шаруашылығы негізінде «Ақбөкен» питомнигін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Қазірде питомник жұмысы ақбөкенді қолда өсіру арқылы оның генофондысын сақтауға бағытталған. Аң басын тұрақты өсіруге жетсек, жануарлардың әртүрлі жыныстық группасын жүйелі түрде табиғи ортаға жіберу жоспарланып отыр.

Әуелде питомниктің жер көлемі 4 га болды да, онда мөлшері 2,5 x 10 м индивидуальдық зағондар және жалпы аналық пен лактары үшін мөлшері 180 x 180 м болатын зағон болды. Екі жылдан кейін питомникте модернизация (жаңарту) жүзеге асты: жалпы жер көлемі 21 га дейін өсті, жануарларды ұстау жақсарды. Қазірде питомникте бірнеше жабылған индивидуальдық зағондар (5 x 9 м) мен үсті жабылмаған бірнеше зағондар (10 x 9 м), күйлеуді өткізу зағоны – үшеу (0,5-1 га) және екі үлкен зағондар бар, онда аналық пен аталық аңдар лактарымен бірге тұрады.

Питомникте жануарларды ұстаудың жартылай интенсивті системасы қолданылады: барлық текелері, жастары 4-5 айдан бастап, бүкіл жыл бойы жалпы еркектер группасында кең зағонда ұсталады. Қазан-қараша айларында жалпы зағоннан төрт негізгі және төрт резервтегі текелер ауланып алып, одан кейін күйлеуге қатысу үшін аналықтардың төрт группасы бар индивидуальдық зағондарға жібереді. Ақпан айында күйлеуге қатысқан текелерді қайтадан басқа текелер бар зағонға жібереді. Туу күйлеу өткен зағондарда болады. Лактары туып, оларға сақиналар салған соң, аналықтардың төрт группасы лактарымен бірге бір группаға бірігіп (зағондар есігін ашу арқылы); табиғи өсімдіктері бар кең зағонға өтеді. Аналықтарды күйлеу өткеннен кейін біріктіру пайдалы емес; өйткені ол жаңа туған лактардың аналарын табуын қиындатады. Үлкен зағондар қорықшы-ловушкарлармен жабдықталған, ол арқылы жекеленген жануарларды оңай ұстап алуға болады. Оларды өлшеуге және дәрігерлік шараларды жүзеге асырауға болады. Жануарларды жалпы группаларда шөбі мол үлкен вольерлерде ұстау тиімді екенін көрсетті. Біріншіден, лактары ерте жастан-ақ азық үшін әртүрлі шөптерді жей бастайды, ол олардың жақсы дамуына әсер етеді. Екіншіден, ересек ұрғашылары лактация кезінде өздеріне керекті көк шөптермен қоректенеді. Үшіншіден, кең жер жануарларда гиподинамия болмауына мүмкіндік береді.

бұдан өлімі аз болады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі моңғол ақбөкені кейбір үй малдарының ауруларына шалдыққыштық келетіндігін көрсетті. Тексерілген материалдардың аздығы Моңғолияда ақбөкеннің барлық популяциясының ауратындығы туралы қортындығы жасауға мүмкіндік бермейді. Мүмкін, біздің зерттеудегі моңғол ақбөкені инфекциялық ауруларға шалдыққанда болар, бірақ алынған материал көлемінің аз болуы оны табуға мүмкіндік бермеді. Моңғол ақбөкенінің үй малдары ауруларымен зақымдануын бағалау үшін терең әрі толық зерттеу жүргізу керек. Үй малдары ауруларының өзгеруін жақсы түсіну және жабайы жануарлардың қазіргі күйін терең ұғыну – моңғол ақбөкен популяциясын басқару мен оларды инфекциялық аурулардан сақтап қалу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы WCS пен Ұлттық географиялық қоғамның қаржылай көмегі арқасында жүзеге асты. Дала жұмыстарын д-р Мишель Данбэр, АҚШ ауыл шаруашылық департаментінің ветеринары және З. Намиширом, ветеринар және МГА-сы биология институтының бұрынғы қызметкері жүргізді.

Сурет В. Газаринікі



Онда әзірге тек нөмері ғана бар – ат алуға оған лайық іс қылу керек

Туатын аналықтарды азықтандыру үшін біраз жылдар бойы жоңышқа, жаңа ғана шабылған әртүрлі шөптер, уатылған арпа, сапалы азықтар және лизунцов түрінде минеральды қосымшалар пайдаланылған. Азықтардың бағасын төмендету үшін рационнан шырынды азықтарды (сәбіз, аскабак) шығару тәжірибесі жасалған. Бақылау жануарлардың денсаулығында және мінез-құлқында ешқандай өзгерістер болмағанын байқатты. Рационда бұрын шырынды азықтардың құны 75 % болғанын ескерсек, олардан бас тарту азықтарды сатып алу бағасын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Қазірде бір ересек жануарға қыс айларында тәулігіне 1 кг арпа және 2,5 кг шөп бөлінеді. Жазда шөптің бір бөлігі жаңа ғана шабылған шөптермен ауыстырылады. Жануарларды ұстаудың бағасын одан әрі жетілдіру үшін әр жастағы аңдар үшін арпаның тиімді мөлшерін анықтау керек болып отыр.

Бүгінде питомниктегі негізгі ветеринарлық проблема мезгіл-мезгіл пастереллездің лап етіп шығуы болып табылады; көбіне қатты және өте шапшаң өтеді, оның басталуымен жануардың өлгеніне дейін барлығы бірнеше сағат өтеді де, жануардың ауырғанын білу мен оны тез арада емдеу мүмкін емес. Осы себепке байланысты ақбөкен басы өскен жоқ. Питомникте

өлген ақбөкендерді зерттеген кезде олардан *Pasterella multocida* культураның (тип В және тип D) бөлінген. Сонда 3-4 айлық өлген лақтарынан тек культураның D типі ғана, ал өлген ересек жануарлардан культураның екі типі де бөлінген. Мамыр-маусым айларында жаппай төлдеудің және қосымша жаңа туған лақтарын әкелу есебінен жануарлардың саны өскенмен, қараша – желтоқсан айларында лақтарының бірқатар бөлігінің және ересек аңдардың біраз бөлігінің өлім-жітімге ұшырауы есебінен ақбөкендер саны қысқарады. Қыркүйектен мамыр айы аралығында питомникте өлім-жітім тоқталады. Ақбөкен санының жылма-жылғы өзгеруі 1-кестеде көрсетілген.

1-ші кестеде көрсетілгендей, питомник ұйымдастырылғаннан кейін бірінші екі жылда жарақаттан және аурулардан ақбөкендер өлімі көп болды. Одан кейінгі екі жылда питомникте комплекс факторларға тұрақты әсер етуі салдарынан өлім-жітімге қарағанда лақтар туу өсіп, жануарлардың тұрақты популяциясы қалыптаса бастады. Одан әрі аңның өсуі мен кемуі тежелді. Көп жағдайда өлім-жітім көбіне пастереллезден болды. Сонымен, қоршаған ортада инфекциялық агенттің жиналуын және оның туған лақтарда жүйелі түрде жаңаруын жорамалдауға болады. Ауыл шаруашылығы малдарына қолданылатын пастереллезға қарсы қолданатын вакцинаны питомник жануарларына қолдану жағымды нәтиже бермеді.

Вакцинация процесі жануарларды аулаумен байланысты, өйткені бұл кезде олар жарақат алады және сондай қорқынышты стресса жағдайында болады. Соған сәйкес уақытша вакцинация жасамау керек деген шешімге келдік. 2009 ж. питомниктің заңы бойынша, осы питомниктегі жануарлардан алынған ауруды қоздырғыштарды пайдалана отырып, эксперименталды пастереллезға қарсы вакцина партиясы даярланды. Оны бірнеше жануарларда сынағаннан кейін, 2009 ж. желтоқсанында прививки барлық жануарларға жасалды. Сондай-ақ 2009 ж. туғанына үш жетпей болған лақтарына және аналықтарына профилактика (сактандыру) үшін антибиотиктер берілді. Бұл шара, былтырғы жылмен салыстырғанда, лақтарының сақталуын екі есе өсірді (2-кесте).

Питомникте алғашқы жануарлар тобы 2003 ж. табиғаттан аңның 50 лағын алумен қалыптасқан еді. Қайталап аулау және оларды әкелу 2007 жылыда іске асты. Ақбөкеннің аналықтары жыныстық жағынан өмірінің бірінші жылында-ақ жетілсе, ал текелері тек біржарым жасқа келгенде жетіледі. Сондықтан, питомникте аңдардың бірінші күйлеуін өткізу үшін Мәскеу зоопаркінен әкелінген ересек текелер пайдаланылды. Одан кейінгі күйге түсу процесіне питомникте өсірілген текелер қатысты. Бүгінгі күндері питомникте бірінші әкелгеннен жеті жастығы екі аналық өмір сүреді және көбеюге жақсы қатысады. 2008 жылдан бастап питомникте күйлеу процессін өткізу үшін 4 тұқымдық линия бөлінген. Осы жолмен аң басының генетикалық әртүрлілігі өсетін болады; соған сәйкес табиғи ортадан жануарларды аулаудың қажеттілігі болмайды.



Сурет В. Гасриной

Питомникте өсірілген ақбөкендер қолға жақсы үйренеді

Питомникте тұқымдық ядроны қалыптастыру үшін бірінші орында адамға жақын немесе нейтральды реакциялармен қарайтын жануарлар тобын қалыптастыру болып табылады. Өздеріне қызмет жасайтын адамдарға сондай қызығушылықпен қарайтын ақбөкендерде тұрақты психика қалыптасады да, олардың жарақаттануы аз болады. Тез қозғыш әрі нервный жануарларды жалпы топтан бөлу қажет, өйткені олар топта дүрбелең тудырады. Ауырған жануарларға сапалы профилактика және емдеу жұмыстарын жүргізу олармен байланыс жасамай мүмкін емес. Адамға үйір жануарларды тез ұстап алуға болады. Процедураларды өткізген кезде олар стресса (қобалжуға) аз ұшырайды әрі тез қалыпқа келеді. Адамға сондай жағымды реакциялармен қарайтын жануарларды адамға жағымсыз реакциялармен қарайтын үлкен кең зағонға жібергенде олар соңғылардың мінез-құлқын тез қабылдап, күтуші қызметкерлермен байланысқа түсуден қашады. Бұл скептиктердің питомник жағдайында өсірілген ақбөкендерді табиғи популяцияға қайтаруға мүмкін емес деген пікірлерін жоққа шығарады.

Питомниктің келешек жұмыстары ақбөкендерді қолда өсіру технологиясын жақсарту бағытында жүретін болады, ол үшін 2-3 жыл қажет. Жұмыс негізгі екі бағытта жүреді; аң басын сақтауды күшейту және азықтардың өзіндік құнын кеміту. Генетикалық әртүрлілікті күшейту үшін ақбөкенді қолда өсірумен айналысатын питомниктермен ақбөкен текелерімен алмасу жоспарланып отыр. Ақбөкен саны тұрақты өскен жағдайда аңдарды жүйелі түрде табиғи ортаға жіберіледі және басқа питомниктермен (зоопарктермен) жануарлармен алмасу көзделіп отыр. «Астрахань» мемлекеттік тәжірибелік аңшылық шаруашылығы мүдделі ұйымдар мен жеке адамдарды ақбөкенді қолда өсіру жөнінде бірлесіп жұмыс істеуге шақырады.

1 - кесте. Питомниктегі ақбөкендер санының өзгеруі

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009
Алғашқы жылдағы саны	0	34	21	24	34	40	37
Питомникте туғандар	0	7	13	17	25	25	21*
Табиғи ортадан ауланғандар	50	0	0	0	35	0	0
Басқа да қабылданғандар	2	0	0	0	0	0	0
Өткен жылы өлгендер	18	19	8	7	50	28	21
Басқа питомниктерге жіберілгендер	0	2	2	0	4	0	2

* Төлдер 3 группадан (13 аналық). Төртінші группа (5 аналық) текемен ұрықтандырылған жоқ, сондықтан 8 бастай төл алынған жоқ.

2 - кесте. Соңғы 5 жылда питомник жұмыстарының бірқатар зоотехникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2005	2006	2007	2008	2009
Аналықтардың орташа жасы	1,72	2,16	2,16	2,55	2,92
Бір аналыққа келетін жаңа туған лақтарының орташа саны	1,36	1,41	1,44	1,44	1,61
Жыл аяғында лақтарының тірі қалғаны	н.д.	н.д.	52%	36%	61,9%

Солтүстік-Шығыс Прибалхашье (Қазақстан) – қазіргі түрдің ареалында ақбөкеннің (*Saiga tatarica tatarica*) тағы бір сақталып қалған мекені

Жатқанбаев А. Ж.

Institute of Zoology, Republic of Kazakhstan, wildlife@nursat.kz

Қазірге дейін ақбөкеннің Солтүстік-Шығыс Прибалхашьеде бүгінде мекендейтіні туралы жарияланған сенімді мәліметтер жоқ; мұнда ол 1990-шы және 2000 ж. басында үнемі кездесетін және саны көп болатын. Соңғы 15 жыл ішінде санының оразан зор кемуіне қарамастан, ақбөкен аздаған мөлшерде бұл ауданда сақталып қалды. Жекеленген группалар және тұяқтының аздаған тобы тірі қалып, негізгі бетпақдала популяциясынан шығасқа қарай мекендейтін жерлерде ареалының соңғы участкелері форпост түрінде көрінеді. Мыссалы, таяуда Оңтүстік Прибалхашьеде ақбөкеннің тұрақты географиялық бөлінген группировкасын біз таптық (SN №8 қара).

2009 жылдың маусым айының аяғында және шілде айының басында біз Солтүстік-Шығыс Прибалхашья территориясын автокөлікпен маршрут бойынша тексердік. Маршрут (барлығы 480 шақырым) кең алқымды, аз қоныстанған және аз игерілген жерлер арқылы өтті. Ақбөкендер группасы Ақтоғай-Саяқ темір жолымен газопровод тармағы арасындағы участкада бізге екі рет кездесті. Бірінші кездесу 25-ші маусымда Балқаш-Алакөл котловинасында Балқаш көлінің шығыс бөлігінде 40 шақырымдай солтүстік-шығысқа қарай жерде. Ақбөкен группасы екі ересек аналықтан, екі жыныстық жағынан жетілген текеден және былтыр туған екі лағынан тұрды. Жануарлар тығыз топтанып, жазық далада жайылып жатты. Автокөлікпен 300-350 м жақындағанда ақбөкендер қаша жөнелді.

Келесі күні біз ақбөкендердің басқа группасын (бір ірі текесі, екі ересек аналық және үш былтырғы лақтары) жануарлардың бірінші кездескен жерінен 5 шақырымдай сондай қоныста бақыладық. Автокөлік жақындаған сайын 1,5 шақырым қалғанда жануарлар жайылуды қойды, асықпай жайылып жатқан жерінен қозғала бастады, автокөлік 500 м жақындағанда жүгіруге басты.


Бұл ауданда жер сондай жазық және алыстан (2-3 шақырымнан 5-7 шақырымға дейін) көрінеді. Сондықтанда, адам үшін тіпті кез-келген жерден мүдірмейтін шапшаң

жүретін автокөлікпен 300-500 м артық жерден жануарларға жақындау өте қиын. Бұл тіршілік етуге қолайлы жердің бірі екендігін көрсетеді, ол осы ақбөкеннің шағын группировкасының сақталып қалуына мүмкіндік береді.

Біз 100 шақырым қашықтықта газопровод арқылы жануарлар өтетін арнаулы жерлерді байқаған жоқпыз. Теміржол полотносының астында бірқатар жерлерінде автокөліктер мен үй малдарын айдап өтетін өткіндер болды. Бұған қарамастан, осы сирек пайдаланатын тұйық теміржол тармағында поездпен соғысқаннан екі түйенің өлімтігі табылды. Қазірде темір жол болсын, қазылған газопровод болсын бұл жерлерде ақбөкендердің өмір сүруіне және олардың мекендейтін қоныстарына ешқандай қауып тудыра алмайды.

Зерттелген ауданда ересек ақбөкендердің лақтарымен бірге аз группаларының болуы-қазіргі өмір сүру жағдайының өзгеру кезінде жануарлардың өздеріне, сондай-ақ тіршілік ететін ортасына антропогендік прессаның күшеюіне қарамастан бұл жануарлар тірі қалғанын көрсетеді. Байқауымша, адам қоныстарынан алыс орналасқан бұл жерде браконьерліктің белгісі байқалады. Мәселен, сұрау салу мәліметі бойынша, жергілікті браконьерлер Балқаш көлінің солтүстік-шығысындағы Кентөбе түбегіне көбірек келеді. Ақбөкендер мұнда су ішуге келеді де, біраз уақыт тоқтайды. Браконьерлер түбектің тар бөлігінде ақбөкендер өтетін жерде жасырын үйшіктерді пайдаланады.

Солтүстік-Шығыс Прибалхашьяда ақбөкендер кездескен жерлер қазірде Қазақстанда бұл түрдің мекендейтін шығыс бөлігі болып табылады. Бұл жер бетпақдала популяциясының қазіргі мекендейтін қоныстарынан шығысқа қарай 1000 шақырым қашықтықта. Мұнда ерекше қорғалатын табиғи территория жоқ. Бұл ауданға жетудің қиын болуы, аз қоныстанғаны, әлі игерілмегені ақбөкенге жағымсыз антропогендік фактордың әсерін азайтатын негізгі факторлар болып табылады. Бұл географиялық ауданда түрге тұрақты зерттеу жұмыстарын жүргізу керек.



Солтүстік-Шығыс Прибалхашье ақбөкеннің негізгі мекендері.

Возрождения түбегінде ақбөкен популяциясын зерттеу

Нуриджанов Д.А., Нуриджанов А.С.

Өзб. Рес.-ң Госкомприродасының Госбиоконтролі, nuridjanov@mail.ru

2010 ж. көктемінде WCN пен СІС қаржыландырған SCA-ның кіші гранттар Программасының қаржылай көмегі арқасында Возрождения түбегіне ақбөкен популяциясын

зерттеу экспедициясы ұйымдастырылды.

Возрождение түбегі Қарақалпақстанның Мойнақ ауданында орналасқан және оған бұрынғы Возрождения,

Лазарев, Комсомол, Константин, Беллинсгаузен аралдары және Арал теңізінің бұрынғы түбі кіреді. Негізгі аралдар бір-біріне ұқсас, жусан өскен дала, сексеуіл оларды қоршайды, құмдарда шар тәрізді жыңғылдар өседі. Өсімдіктерден әртүрлі күйреуіктер, қара сексеуіл, ақ алабота және т.б. өсімдіктер тән. Арал теңізінің бұрынғы түбі немесе Аралқұмдар шөптері сирек құмды және соранды участкелер болып табылады.

Зерттеу жұмысы негізінен бұрынғы арал Возрожденияде өтті. Біз шет жағын ала барлық аралды аралап шықтық. Барлық жерде көптеген ақбөкендер іздері кездесті. Мұнда филтраттар негізінде пайда болған бірнеше тұзды су көздері бар. Сулардың маңында мұнда келген жыртқыштар – түлкілер мен қасқырлардың көптеген іздері сайрап жатыр. Эксперттік бағалау бойынша, қасқыр саны мұнда 5-6. Бұрынғы ұшу алаңында таңертеңгі 7.45 сағ. ақбөкен текесінің соңына түскен ересек қасқырды көрдік. Кейінірек сол ұшу алаңында 5 ақбөкен (3 теке және 2 аналық) тобы жайылып жатты. Текелері аналықтары азықтанып жатқан кезде оларды қорғады. Бұрын түбекте ақбөкендер онша үррек емес еді, ал барлау жұмыстары басталғанның бері және оларды үнемі қорқыту нәжіжесінде олар сондай сақ болып алды (қара SN № 9).

Сонымен біре жортып бара жатқан ақбөкен текесі бұрынғы Лазарев аралында байқалды, бұрын мұнда (2009 ж. қарашасында) 18 бастан тұратын ақбөкен группасы кездескен еді.

Біздің бақылауымыз бойынша, түбекте кем дегенде 100 ақбөкен мекендейді, мүмкін көп шығар, өйткені аралдың солтүстік бөлігінде автокөлікпен жүру өте қиын, сондықтан да ол территория тексерілген жоқ.

Түбектің батыс бөлігінде бұрынғы Арал теңізі түбінде табиғи газ өндіретін бұрышқа орналасқан. Сондай-ақ газ бұрышқасын Возрождения түбегінің шығыс жағында да салу



Сурет Д.Нурдәжановтікі

Түбекті ерекше геологиялық құрылу сәндіреді.

жоспарланған; онда қазірде сейсморлау жұмысы жүргізілуде. Бұл ақбөкендерге қолайсыз әсер етеді. Тұрақты мазасыздандырудан ақбөкендер көбіне түбектің солтүстік жағын мекендейді; сиректеу Возрождения аралындағы суларға барады.

Возрождения түбегіне дейін Арал теңізінің түбі арқылы жол салынған; онда спутниктік байланыс жүйесі бар СП "Aral Sea Operating Company"-дің күзетшілері бар екі бақылау пункті бар. Күзетшілер түбек территориясына ешкімді жібермейді, оның ішінде жергілікті браконьерлерде бар. Күзетшілердің сөзіне қарағанда, бұрынғы Возрождения аралында олар ақбөкенді жиі көретін: жеке жүрген немесе саны оншақты шамасында болатын группалар кездеседі. Сондай-ақ қасқырларда жиі ұшырасады.

Өзбекстан территориясында тек қана тұрақты өмір сүретін ақбөкен популяциясын сақтап қалу үшін мұнда халықаралық дәрежеде қорғалатын территория ұйымдастыру қажет.



Сурет Д.Нурдәжановтікі

Возрождения түбегіндегі көл жануарлардың су ішетін жері.

Ақбөкендерді сақтау- біздің ортақ ісіміз

Хлуднев А. В.

«Степной» қорықшасы, Ресей, angelok-19@yandex.ru

Ақбөкенді сақтау Меморандумын (Ресей 2009 ж. маусымда қол қойған) орындау жолындағы бірден-бір маңызды шара – Қалмакия Республикасы басшысының 2010 жылды – ақбөкен жылы деп жариялауы. Республика Үкіметінің бекіткен шаралары төңірегінде ақбөкеннің қазіргі жайын халыққа түсіндіру үшін әртүрлі шаралар жүзеге асып жатыр; конкурстар, дөңгелек столдар ұйымдастырылуда (жоғарғыдағы жаңалықтарды қара), ақбөкенді браконьерлерден қорғау шаралары жүзеге асуда, популяцияны қорғау шараларын күшейту үшін қаржы іздестірілуде. Бұл шаралар туралы республикалық газеттерде мақалалар жарияланды.

2009 ж. аяғынан 2010 ж. басына дейін ақбөкен үшін де, оны қорғайтын адамдар үшін де қиын кезең болды. Бетін мұз басқан қалың қар (жұт) ақбөкендердің қары аздау аудандарға қоныс аударуына мәжбүр етті, бірақ, оларды қорғау шаралары болмайды, ақбөкендер сондай мардымсыз азық тауып жейтін болды. Міне осында ақбөкендерді браконьерлерде аңдыды.

Бірақ шартты түрде жазасын тартатын «аулау» әр кезде жазадан құтылып кетеді. Деседе, Қалмакия Республикасының ФСБ қызметкерлерінің араласуымен 11 наурызда Қалмакияның Черноземель ауданында ақбөкеннің 19 тушасымен (340 кг ет; жоғарыда жаңалықты қара) милиция майоры ұсталған. Бұл ауыр қыстан кейін аман қалған аналықтар төлдеуге жақын қалғанда мамыр айының бас кезінде болған.

Мемлекеттік заңдарды сақтау ережелерін, оның ішінде жануарлар дүниесін қорғауда бар, қатаң орындауға шақыратын милиция офицерінің бұл әрекетін қалай түсіндіруге болады? Оқталған мылтықпен буаз аналықтарды ату деген барлық ұят пен арды жоғалту емес пе. Сондықтан да Республика Қалмакияның сот органдары милиция майорына өзінің заңды жазасын береді ғой деп ойлаймыз.

2008 ж. қаңтар айында жануарлар дүниесін қорғау өкілдігі Ресей федерациясы субъектісіне берілген, бірақ экономикалық дағдарыс салдарынан, федеральдық орталықтан

федеральдық қаржыландыру тым мардымсыз болды. Соған сәйкес көп жылдан бері қалмақияда ақбөкен қорғау отрядында істейтін 30 шақты адамдар жұмыстан босатылды. Қазірде Қалмақия территориясында дала антилопасын (сондай-ақ барлық биологиялық әртүрлілікті) қорғауды Табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау және энергетиканы дамыту Министрлігі жүзеге асырады, қарамағында 6 адам, екі автокөлік («Нива», «УАЗ») бар. Әрине бұл жеткіліксіз, бұл жағдайда инспекторларға жұмыс істеу өте қиын. Жақсы жабдықталған браконьерлерді бұлардың қуып жетуі қиын-ақ. Оларға жергілікті тұрғындардың, әсіресе, малшылардың көмегі қажет; өйткені олар даланы жақсы біледі және ақбөкеннің қай жерде жүргенінде біледі. Көрші аудандармен, ерекше қорғалатын территориялармен жақсы байланыста болу қажет, себебі оларда түрді сақтап қалуға жауапты ғой.

«Степной» қорықшасының дирекциясы 2000 ж. құрылғаннан бастап браконьерліктің алдын-алу, күрес шараларын жүзеге асыруда; қорықша территориясында ақбөкеннің жақсы өніп-өсуіне жағдайлар тудыруда. Астрахань облысының әкімшілігі сеніп тапсырған жұмысты орындау үшін инспекторлар тәулік бойы өз территориясын қорғайды. Жақында қорықшада атып алған ақбөкені бар екі браконьер ұсталды; олардың біреуі (Прикаспий пос. тұрғыны) бас бостандығынан айырылып, 3,5 жылға сотталды (қатаң режимді колонияда ұсталады), ал екіншісі (Яшкөл ауданының тұрғыны) сот үкімін күтуде. Бірақ, шынын айту керек, кризис жағдайында регионалдық бюджеттен қаржының аз бөлінуіне байланысты ақбөкенді жеткілікті қорғау мүмкін емес.

Осындай қиын жағдайда, біз қорықша қызметі қалыпты жағдайда жүру үшін фонддардан қосымша қаржы іздейміз. Мәселен, 2009 ж. тамызында дирекция жанармай алу үшін ақбөкенді сақтау Альянсының гранттын ұтып алды. Бұл қаржы қорықша территориясында және оның төңірегінде 40 рейдтер



Сурет А. Хрущевікі

Ұсталған браконьер өлген ақбөкенмен.

жасап, 14 мың км жол жүріп, ақбөкенді қорғауға көмектесті. Проектінің арқасында, әсіресе, аңның күйге түсу мен төлдейтін кезінде, оларды қорғауға мүмкіндік берді. Әртүрлі уақытта инспекторлар қорықша территориясында 300-ден 10 000-ға дейін ақбөкенді бақылады. 2010 ж. IFAW жедел көмек есебінде автокөлік баллонын және екі аккумулятор алуға және бір жаңа машина алуға қаржы бөлі. WWF жанармай алуға көмектесті. WCN жәрдемімен АҚШ-тың жеке адамдарынан көмек алдық. Ол қаржы да жанармай алуға жұмсалды. Осындай жағдайды пайдалана отырып «Степной» қорықшасының дирекциясы Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкеннің тамаша популяциясын сақтап қалуға көмектескен ұйымдарға өздерінің шексіз алғыстарын айтады.

Қортынды да мынаны айтқым келеді. Ақбөкен жылы тек Қалмақияда жарияланып қоймай, сонымен бірге барлық Солтүстік-Батыс Прикаспийде «Ақбөкен жылы» деп жарияланса екен. Біздің даланың «тірдей қазба байлығын» қорғап, сақтап қалу үшін Ресей Федерациясының осы региондағы барлық табиғат қорғау структураларын бірге қимыл жасауға біріктіру қажет. Бізде мұндай бірігудің тәжірибесі бар. 2006-2007 жж. Республика Қалмақияның табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау комитеті мен «Степной» қорықшасы басшылары арасында ақбөкенді қорғау жөніндегі келісімге қол қойылған; бірақ бұл келісім (қорықшаның мұнда кінәсі жоқ) одан әрі созылған жоқ. Жаңа осындай келісім арқасында біздің қарым-қатнасымызды жақсартып, 2010 ж арналған шараларды табысты аяқтауға мүмкіндік туар еді. Осы мақаланың жариялануы жаңа келісімнің текстің дайындаудың алғашқы бастамасы болар.



Сурет А. Хрущевікі

Аштықтан өлген ақбөкен аналығы.

Медицинада ақбөкен мүйіздерін алмастыру ретінде үй буйволдары мүйіздерін қолдану

Гуйхон Цзян

Жабайы табиғатты қорғау қоғамы (WCS), Қытай, gzhang@wcs.org

Ақбөкен мүйіздерін пайдалану жөніндегі деректерді бұдан 2000 жыл бұрынғы трақты «Shengnong Bensaо» (жер иелерінің дәрі-дәрмек заттары туралы құдайлық трактатасы) табуға болады. Дәстүрлік қытай медицинасында (ТКМ) ақбөкен мүйіздерінің қасиеті «тұзды» және «суық» деп анықталған. Олар, негізінен, гипертониялық кризды, талма ауру, қояншығы ұстап қалу, жоғары температура, сіндір тартылу, тырысып қалу науқастарын емдеуге пайдаланады.

«Bensaо Gangmu»-да (Дәрі-дәрмек заттарға шолу) үй буйволының мүйіздері де «тұзды және «суық» деп

анықталған және жоғары температураны түсіру, улы заттарды бөліп шығару және қан тамыры қысымын төмендету үшін пайдаланылған. Зерттеуге сәйкес, 1998 ж. Хуаның послыйный хромотография әдісін пайдалану арқылы жүргізгенде, ақбөкен мен үй буйволдарының мүйіздерінде бір дәрежеде аминокислота бар екен; бірақ кейбір микроэлементтердің концентрациялары әртүрлі.

Клиникалық зерттеулер үй буйволінің мүйізі қан тамыры қысымын төмендететінін көрсетті. Мысалы, Huangjiao Tang

(емдік сорпа), негізінен үй буйволы мүйізінің ұнтағынан дәрілік шөбі (*Rheum officinale*) қосылған, 121 жағдайда церебральдық инфарктіні емдеу үшін қолданылған, сонда оның жалпы тиімділігі 90 % болған.

2009 ж. қазан айында біз SCA-ның кіші гранттар программасы бойынша грант алдық (қара: SN №10); оны жабайы табиғатты одағының (WCS) Қытай программасымен бірге пайдаландық. Біз ақбөкенді сақтау командасы ретінде жергілікті мектеп оқушыларынан үш команда (группа) ұйымдастырдық. Командалар информациондық материалдар жинап, оларды мақсатты аудиторияларда таратты. Қазіргі уақытқа дейін бұл командалар үш қауымдастық арасында табысты жұмыс жүргізді; жергілікті тұрғындарды ақбөкен мүйіздерінен жасалған дәрілердің орнына үй буйволы мүйіздерінен жасалған дәрілерді алуға мадақтау арқылы үгіттеді.

«Ақбөкен барлық уақытта» командасы дәрілік препараттарды пайдаланатындармен жұмыс істеді. 2010 ж. ақпан айынан наурыз айына дейін өздерінің дайындаған плакаттары мен кітапшаларын пайдалану арқылы мектеп оқушылары Феникс көшесінде (Хайцзю ауданы) шаралар жүргізді. Олар ТСМ дәріхана қызметкерлерін дәріханада өз плакаттарын ілуге үгіттеді. Ал мұнда дәрі алуға келгендерге ақбөкенді сақтау жөніндегі брошюраны үлестірді. Сондай-ақ команда ақбөкен мүйізінен жасалған дәрілер орнына үй буйволы мүйізінен жасалған дәрілерді қолдану керектігі туралы ашық әңгімелерде өткізді.



«Ақбөкен барлық уақытта» командасы өз плакатын ТСМ дәріханасына ілді.

Ресейде информациондық – ағартушылық компания жұмысының нәтижелерін бағалау

Хау К.¹, Обгенова О.², Милнер-Гулланд Э.Дж.¹

¹Лондон империял Колледжи, c.howe.01@cantab.net. ²Қалмақия Республикасы экологиялық проектiлер Орталығы

Формальды және формальды емес құрылымдар – позитивті (жағымды) қатынастар мен оқытуды дамыту үшін табиғат қорғау саласында кең қолданылады; олардың ішінде табиғат туралы білімді көтеру үшін ең тиімдісі информациондық компаниялар болып табылады. Олар табиғат қорғауға позитивті қатынас орнатуға көмектеседі. 2006-2008 жылдары Ұлыбритания Үкіметінің Дарвин Инициатива фонды Ресейде зерттеу жұмысын жүргізуге қаржы бөлді. Оның мақсаты 2003-2007 жж. өткізілген табиғат қорғау шараларының ақбөкенге қатынасы мен ол туралы білім дәрежелерін тексеру еді. Бұл жұмысты Лондонның империял Колледжі мен Қалмақияның экологиялық проектiлері Орталығы бірлесіп орындаған.

Ақбөкен туралы пікірлерін білу үшін біз сегіз



Гуаньжоу автобусындағы ақбөкенді сақтау жөніндегі плакат

Басқа екі кампания проблеманы қоғамлық түсінудің дәрежесін көтеру жұмыстарымен айналысты. Командалар ақбөкенді сақтау туралы әңгімелер, өлеңдер және спектакльдер сияқты шараларды ұйымдастырды. Өз спектакльдерін жергілікті тұрғындарға қойып берді. Олар халықтан ақбөкен мүйізінен жасалған дәрілер орнына буйвол мүйізінен жасалған дәрілерді пайдалануға үгіттеді. Командалардың жұмысы арқасында халық ақбөкен сақтаудың мәні зор екендігін түсініп, олардың ақбөкен мүйізі орнына үй буйволы мүйізін пайдалану керектігін түсіне бастағаны байқалды.

WCS-тің Қытай программасы Гуаньжоудың № 6 автобусында 6 ай мерзімге ақбөкенге арналған 10 плакат ілді. Автобус ТКМ-нің жергілікті базарына жақын үш аялдамаға тоқтайды. Бұл кезде 150 мыңдай адам табиғат қорғау туралы мәліметтер алады.

«Ақбөкенді сақтау» деп аталатын тағы бір команда Хуйжинг (Тианхэ ауданы) қаласында, Гуаньжоу, ақбөкенді сақтауға көп адамдарды тарту мақсатымен суреттер конкурсын өткізуді жоспарлап отыр.

поселкалардан 250 адамға сұрау бердік және олардың соңғы бірнеше жыл ішінде бұл аң туралы алған мәліметтерін еске түсіре аламыз, соны да білгіміз келді. Поселкалардың онда өткізілген табиғат қорғау шараларының типі жөнінен бір-бірінен айырмашылығы болды. Қалмақияның төрт поселкасында (Утта, Эрдневка, Молодежный және Адык) шараларды региональдық және жергілікті газеттер мен жергілікті телевидение арқылы СМИ компаниясы өткізді. Қалмақиядағы екі поселкасы да (Хулхутта и Таван-Гашун) ақбөкенді сақтау мен үгіт-насихат жұмыстарына белсенді қатысқан; оның ішінде DEFRA қаржыландаратын кіші табиғат қорғау проектiсі (SEPS) бар. Оған керісінше, Астрахань облысы Лиман ауданында екі поселкада адамдарды тарту жөнінде ешқандай шаралар жүргізілген жоқ.

Мұндай шаралар тек «Степной» қорықшасының төңірегінде ғана жүргізілді. Интервью алушылардан олар неше рет ақбөкендерді көргенін, ақбөкеннің саны өзгергенін біле ме, ақбөкенді сақтау жөнінде жергілікті проектiлер бар ма және бұл түрді сақтауға қандай ерікті үлес қоса алады - сияқты сұрақтар қойдық. Ақбөкен жөнінде информациондық материалдарды қайлан алғанын олар ұғынама деп те сұрадық. Егерде ондай материалдарды алса, қандай түрде (мысалы, газеттерден бе әлде телевидениеден бе) және онда не туралы әңгіме болды (экология немесе табиғатты қорғау туралы ма). Одан тез-ақ тиімді мәлімет алдың ба (осындай материал алған соң сұрауға жауап берушілердің түсінігі өзгерді ме).

Адамдардың ақбөкенге және оны сақтауға қатынасы

Жалпы, зерттеу жұмыстары ақбөкенге және оны қорғауға адамдардың қатынасы жағымды екенін көрсетеді. 94% респонденттер қазірде ақбөкендерді келешек ұрпақтар үшін сақтау керек екенін айтты, ал 84% Ресейде ақбөкеннің жойылып кетуіне қарсы екенін сөз етті.

Информациондық материалдарды кім алады?

Сұралғанның 76% әртүрлі типті информациондық материалдарды алғандарын, оның ішінде SEPS проектiсіне қатысқандары да бар, естеріне түсірді. Бұл информациондық компания өзінің алға қойған мақсаттарына жеткенін көрсетеді. Табиғатта ақбөкенді көп көргендер немесе оны сақтау керектігін түсінгендер бұл аңды ешуақытта ұмытпайды. Бұл нәтижелер бізді мынандай ойға қалдырады: ақбөкен туралы алғашқы алған білімдері мен оны қорғау туралы шаралары адамдардың түсінуін күшейтті; адамдар оқитын, қарайтын болды немесе информациондық компания жұмысына қатысатын болды.

Информация алудың көздері қандай?

Информациондық кампания жұмысына қатыспаған адамдар (Астрахань поселкалары) 2006 жылға дейін информацияны телевидения арқылы алып жүрді. Көп жағдайда информация ақбөкеннің экологиясы және тіршілігі жөнінде болды, ал оның қазіргі жойылып кету қаупі немесе түрдің қорғау жайында емес. Оған керісінше, информациондық кампанияға қатысушы адамдар газеттер мен телевидениеден алған мәліметтерін естеріне жақсы түсірген, оларда қозғалған тақырыптарды да, мәселен, экология, қорғау және браконьерлік сияқты, жақсы біледі. Зерттеу нәтижелері ересектерге қарағанда жастардың табиғатты қорғау туралы аз оқитындығын көрсетті ($\chi^2=8.986, p=0.029, df=3$).

Информация қалай әсер етті?

Информациондық материалдар дереу әсер етті ме немесе жоқ па (информация алған кезде ақбөкенге байланысты түсіну проблемасында өзгеріс болды ма) оған байланыссыз олардың қабылдауы адамдардың жынысына



Сурет К. Харюва

Яшкөл мектебінің оқушылары мен мұғалімдерімен бірге зерттеу командасы.

және информация көздеріне байланысты болды. Оқыған материалдарға қарағанда телевидение тиімдірек болды, ал әйелдерге қарағанда телевидение материалдарына еректер күштірек көңіл бөлді. Егерде адамдар алған мәліметтерін жақсы қабылдаса, онда олар соңғы үш жылда ақбөкенге жақсы қарайтын болғаны, бұл түр туралы естерінде ешқандай мәліметтерді сақтай алмаған адамдарға қарағанда.

Қортынды

Зерттеу нәтижелері Солтүстік-Батыс Прикаспий тұрғындары ақбөкенге және оны қорғауға өте қамқорлықпен жағамды қарайтынын көрсетті. Олардың көбі регионда Дарвин Инициативасы және басқа проектiлерін 2005 жылдан орындауға қатысқан қауымдастықтардың хабардар болуын күшейту программасының әсеріне түсінгендер. Бұл регионда СМИ, газеттер мен телевидение тұрғындардың көбіне қолайлы және олар табиғатты қорғау туралы материалдардың көп жариялануына ынталы. Информациондық компания әртүрлі тақырыптағы баспада жарияланған материалдармен қатар көзбе-көз берілген информацияларды пайдаланды. Бұл зерттеулер информация берудің қазіргі системасын пайдаланудың маңызды екенін көретті (телевидение және тиімді информациондық кампания өткізу үшін прессалар). Ақбөкенді көрген немесе табиғат қорғау проектiлеріне қатысқан адамдар бұл пролема бойынша СМИ-де әңгіме болғанын ұмытпайды, оған көңіл аударады. Бұл адамдардың ақбөкенге көзқарастырын жағымды жаққа қарай өзгертетінін көрсетеді. Сондықтан, бұл зерттеу СМИ-ді пайдалану – табиғатты қорғау жолындағы тиімді компоненті болып табылады, әсіресе, басқа да табиғатты қорғау шараларымен бірге.

Сүйіншілікпен басталғанның барлығы да өздерінің жемістерін береді

Нурумбетова А.Б.

Қарақалпақстан Республикасы «Өнермент» қолөнершілерінің ассоциациясы, aiza71@mail.ru

Жергілікті тұрғындардың жұмыспен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында және «Өнермент» қолөнершілері Ассоциациясының табыстарының альтернативті көздерін дамыту үшін ақбөкенді сақтау Альянсымен бірге ұлттық қолөнер проектiсін бастаған. Проект 2008 ж. WCN-нің қолдауымен басталған еді (қара. SN № 7, 9) және 2009 ж. The Wild Foundation-нің қаржылай көмегімен одан әрі жалғасты. Қолөнеріне үйрету үшін ақбөкенге браконьерлік жасаудың жоғары дәрежеде болып жүрген екі поселкасынан (Жаслық, Қарақалпақия) жұмыссыз әйелдер шақырылды. Осындай жұмыстың

арқасында әйелдер, олар арқылы олардың семьялары, ақбөкенді сақтауға жұмылдырылады деп сенеміз. Оларды арзан ақбөкен етін сатып алудан бас тартуға үгіттейміз.

2009 ж. көктемі мен жазында қыздардың ұлттық қарақалпақтық қолөнерінің құпиясын жетілдіру және оларды үйрету мақсатымен бірқатар семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Біздің мақсатымыз тек оларды қолөнерге үйрету ғана емес, сонымен бірге бұл өнердің лидерлерін тандап тәрбиелеу; олар келешекте қолөнерге басқа әйелдерді де үйретуді жалғастыратын болады.

Семинарлар кезинде қыздар психологиялық дайындықтан өтті, өлке тану музейі мен Савицкий атындағы көркемөнер музейінде болды. Оларда жергілікті колөнерінің дәстүрлі үлгілерімен танысты. Бұлардың барлығы қыздардың одан әрі кәсіби дамуына көмектеседі. Жергілікті телевиденияде сөйлеу және газеттерге сұхбат беру олардың өзін-өзі бағалауына себеп болды. Әрбір қыз тренингтен өткен соң Қарақалпақстан Республикасы әйелдер комитеті мен «Өнермент» колөнершілер ассоциациясының сертификатын алды.

Семинарлар біткен соң, біз пос.Жаслық әйелдерімен табысты басталған жұмыстарымызды әрі қарай жалғастырдық. Қолөнерге керекті барлық материалдар дайындалып, әйелдерге бөлініп берілді. 6 ай бойы біз Конград ауданының қыздарымен де байланыста болдық; олардың ішінде лидер-басшысы Майна Бийсенбаева болды, ол Нөкіске өзі келіп, зақаздар алып кетті. Ол өз төңірегіне 15 қыздан тұратын группаны жинай білді; олар қарақалпақ колөнерлерін жақсы игеріп, өздерінің алғашқы еңбек ақыларын ала бастады.

Біздің қыздардың сапалы және жақсы жұмыстары Майнаға оларды 11 наурыз 2010 ж. Нөкіс қаласында өткен Өзбекстан Республикасы Президентінің сыйлығын алу үшін болған республикалық конкурскә «ТАШАББУС-2010» қатысуға ұсынуға мүмкіндік берді. Алдын ала дайындық және өзінің талпынысы арқасында қыз конкурстың Лауреаты атанды және престижный диплом алды.

Сәуір айының аяғында жаслықтың колөнер группасы өздерінің тоқыған бұйымдарын ақбөкен Күнін мейрамдау кезінде көрсетуді ұйымдастырды (жоғарыда кара). «Өнермент» мүшелері де мейрамға қатысты. Олар Майнаның семьясымен және группаның басқа да мүшелерімен танысты, келешектегі жоспарларын



Сурет Өнерменткі

Бийсенбаева Майна – колөнершілер группасының жетекшісі, пос.Жаслық.

талқылады; қосымша оқу өткізді. Сондай-ақ осындай екінші группаны ұйымдастыру сөз болды. Бастысы - Үстірт қыздарында өз жұмыстарын әрі қарай жолғастыруға ынталары пайда болды. Мысалы, қазақша кесте тігуді үйрену - олар тұрған жерде бұл кестелерді табысты өткізуге мүмкіндік бар³.

Біз Үстіртте колөнерді дамыту проектісін орындауды жалғастырамыз. Біздің жалпы мақсатымыз – бұл жұмысты тұрақты орындау және тәуелсіз болу. Ол үшін біз Майнаға жеке кәсіпкерге патент оформить етуге және Қарақалпақстан колөнершілері ассоциациясының толық құқығы бар мүшесі болуына көмектестік. Сонымен бірге тігін машинасын алуға да қол ұшын бердік. Егер де қыздар қарақалпақтық кестелермен қатар қосымша қазақша кестелер тіксе, сонда кіші бизнес тез дамиды, өйткені соңғыларына Үстірттегі поселкаларда сұраныс көп.

Проектілерге шолу



ПРООН/ГЭФ/ Ресейдің Минприродасының дала проектісі ақбөкенді сақтауға көмектеседі

2010 ж. мамыр айында «Ресейдің далалық биомында системаларды жетілдіру және ООПТ-ні басқару механизмі» атты ПРООН/ГЭФ және Ресейдің табиғат министрлігінің 5-жылдық проектісі басталды (қара: Степной Бюллетень № 25, 2009 және № 28, 2010 - <http://www.sibecocenter.ru/sb.htm>). ГЭФ пен ПРООН оған 5,3 млн. доллар бөлді. Ресей үшін бұл бірінші үлкен ГЭФ-тің проектісі, ол арнаулы далалық аймақты сақтауға бағытталған.

Проект Ресей даласын сақтауда ерекше қорғалатын табиғи территориялар (ООПТ) ролін күшейтуге бағытталған; қазіргі бар ООПТ-ны үйлесімді (оптимизация) жасау арқылы, сонымен бірге территориялық қорғаумен қамтамасыз етілген дала экосистемасының көлемін ұлғайту негізінде болуға тиіс. Проект үш негізгі компоненттерден тұрады: (1) далалық ООПТ системаларының тұтастығын күшейту және кеңейту; (2) ООПТ-ның далалық участкелерін оперативті басқару мүмкіндігін күшейту, және (3) ООПТ-ның кеңейтілген системасының институциональдық потенциалын өсіру. ГЭФ-тің әдеттегі талабына сәйкес, негізгі шаралар төрт пилоттық региондарда топтасатын болады; соған сәйкес төрт далалық қорықтарда жүргізіледі. Сол региондардың бірі (Чита, Орынбор, Курск облыстарынан басқа) – Қалмакия Республикасы. Мұндағы негізгі пилоттық ООПТ- «Черные земли» мемлекеттік табиғи биосфералық қорығы, оның басты міндеті – ақбөкен популяциясын сақтау.

Проект бойынша қорық өзінің басқаруына екі федеральдық маңызы бар қорықшаларды («Меклетинский» және «Сарпинский», біріншісі жөнінде Ресей Федерациясы табиғи ресурстар Министрлігінің қабылдаған шешімі бар) алуы керек, жалпы көлемі – 300 мың га. Проект қорыққа көрші жер пайдаланушылармен тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі; оларды қорғау режимін сақтауға, қорықпен ешқандай дау-жан жалға келмеуге шақырады; браконьерлікті азатту мәселелерін бірлесіп шешетін болады. Қорық өзінің жұмысын жақсарту үшін жан-жақты қолдау алады: оған қорық территориясында қосымша құрал-



Сурет А. Павленковтікі

Шренк қызғалдақтары гүлдеуде.

³ Редакциядан: Үстірт қыратының өзбек бөлігінде тұратын халықтардың 98% этникалық қазақтар.

жабдыктар алу, қорғау мәселесін шөл-дала экосистемасында шешу және ақбөкен популяциясына мониторинг жасауды жолға қою сияқты негізгі міндеттер жүктелген. Әсіресе, дала өрттерін болдырмауға ерекше көңіл бөлу керек, өйткені соңғы жылдары далаларда өрт кең көлемде болып, үлкен қауып, оның ішінде ақбөкенде бар, төндіруде.

Ақбөкен проектідегі таңдап алынған бес индикаторлық түрлердің бірі. Соған байланысты оны сақтау жөнінде федеральдық Стратегия мен региональдық іс – қимылдардың жоспары жасалады. Бұл бағыт көлемінде проект санақ жұмысын жүргізуді жанарту және түрді қорғаудағы бірінші кезектегі практикалық шаралар жүргізуге көмектеседі (әсіресе ООПТ-да). Ақбөкенді қорғауды күшейту әдістерінің бірі – браконьерлермен күресу үшін ведомстваралық қорым-қатынасты ұйымдастыру. Ақбөкенді сақтау проблемасындағы проектінің негізгі бағыты – түрге қауіпті факторларды комплексті қарау, соған сәйкес оған қарсы әрекет жасау.



Сурет И. Смелянскийден

Сингалық Сыртқа селеулі далалар өте гән.

Қосымша мәліметтерді алу үшін проектінің техникалық хатшысы И. Смелянскийге хабарласу керек, Steppe.bull@gmail.com

Ақбөкенді сақтау үшін мектептермен жұмыс істеу

Тұрақты даму системасында (ОУР), білім беру – «Тұрақты даму системасында онжылдық білім» туралы БҰҰ-ы программасының бір бөлігі болып есептеледі. Ол білім беру жүйесін өзгерту және жетілдірудегі басты бағыт болып табылады. Сол арқылы оқушылар жоғары дәрежеде білім алып, Моңғолияда тұрақты даму процесін қолдау тәжірибесін үйренеді. WWF-Моңғолия, 2004 жылдан бастап, елде осындай әдісті қолданған бірінші ұйым. Біздің саясаттың бірі – табиғатты сақтау; мектептерде мұғалімдерді оқыту арқылы интеллектуальдық инвестицияларды шоғырландыру қажет. Бұл тәсіл «Батыс Моңғолияда Ұлықөл бассейнінде ақбөкенді сақтау» проектісі төңірегінде ақбөкен аралында орналасқан мектептерде қолданылды. Оқу жылы шеңберінде екі рет - 2009 ж. қараша айында және 2010 ж. мамыр айында бес мектепте мобильды тренингтер өткізілді. ОУР системасы бойынша өткізілген тренингтердің ерекшелігі-әрбір мұғалімді, мектептер басшылары мен әкімшіліктерін бұл жұмысқа терең қатыстыру. Қатыстырушылар, WWF-пен тұрақты қарым-қатынаста, жергілікті дәрежеде оқу жоспарларын жасауға, оларды ендіру мен тестирование жасайтын команда құрамында істерге қатыстыруды сұрайды.

Тренингтер біткеннен кейін, мұғалімдер экологиялық, экономикалық және социальдық проблемаларды шешетін мәселелермен қатар ақбөкенді сақтау міндеттерін қамтатын 18 оқу жоспарларын жасады.

Сонымен бірге, 2010 ж. сәуір айының аяғында «Тұрақты даму мен ақбөкенді сақтау арасындағы байланыс» тақырыбында практикалық семинар ұйымдастырылды. Жақсы мұғалімдер класта өздерінің тәжірибелерін және ОУР әдістерін пайдалану жұмыстарын баяндады. Бұл тәсілді қатысушылар жақсы түсінуге мүмкіндік берді.

Проект аймақтардың Білім бөлімдерінен қолдау тапты, ал мектеп басшылары пилоттық инициативаларды қолдады. Білім бөлімдері мен олардың методисттерінің ролі мұғалімдерді оқытуды үйретуде өте зор. Пилоттық мектептерде барлық мұғалімдер ОУР туралы өздерінің негізгі бағыттарын, ОУР моделі бойынша тестирование өткізуді (мысалдар келтіру, әдістер мен материалдар) анықтап алды. Практика түрінде оқу-жақсы нәтиже алудың тиімді жолы екенін көрсетті. Қосымша мәліметтерді Кулан (байланыс менеджері)береді, Kkulana@wwf.mn.

Креативтік – табыс кепілі!



Яшкөл селосы Орталық библиотекасының кітапханашасы Екатерина Очированың компакт-диска құрудың "Мамонттың құрдасы бізбен бірге» проектісі табысты аяқталды.

Онда ақбөкендер туралы толық мәліметтер жиналды. Республикалық конкурсте Қалмақия Республика басшысының сыйлығына «Креативтік – табыс кепілі» атты номенацияда муниципальдық білім бойынша библиотекалар қызметкерлері ішінде сөзсіз жеңімпаз атанды. Диск «Ақбөкен – табиғат ғажайыбы» беттерімен ашылады. Онда ақбөкеннің шығу тегі, таралуы, тіршілік ету ерекшеліктерін баяндайтын толық тексті материалдар әртүрлі кітаптардан алынған. Келесі бөлімдер мынадай «Ақбөкенді сақтау-біздің жалпы ісіміз», «Қорықтар» сияқты актуальды тақырыптарды қамтиды, онда да ақбөкенді сақтау, Қалмақиядағы қазірі табиғат қорғау ұйымдары туралы толық тексті материалдар берілген.

"Әдебиет беттері", "Ақбөкен қалмақ фольклорінде» бөлімдерінде әдебиеттерден алынған материалдардан библиографиялық сипаттама, шолу жасылды. «Изографика», «Фотогалерея» бөлімдері оқырмандарды

ақбөкенге арналған Қалмақия суретшілері мен фотографтарының жұмыстарымен таныстырады. Электрондық презентация «Ақ селеу бесігінде» жеке бөлім болып берілген. Бұл информациялық дискінің негізгі бөлігі – «Библиографияда» кітаптардың, мақалалардың, мерзімдік басылымдардың тізімі және Интернетке сілтеме берілген.

Проект әруақытта жанартып тұрады және жетілдіруді қажет етеді. Бұл бірінші, әзір жалғыз, диск Яшкөл ауданының ауылдық мәдениет қызметкерлерінің мәжілісінде және бірқатар білім беру мекемелерінде ақбөкен жылдары өткізілген шараларда көрсетілді. Жұмыс сондай қызығушылық тудырды; әртүрлі ұсыныстар айтылды; мәселен, мұндай материал тек қана Яшкөл ауданының білім беретін мекемелерінде болып қойма, бүкіл Республиканың сондай мекемелерінде болуы керек деген пікір білдірілді. Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы проектінің авторы Екатерина Очировамен бірлесіп, қазірде бұл дискіні жетілумен жұмыс істеуде, бірақ оны дайындау үшін және белгілі экзemplяларын керекті көлемде басып шығару үшін бізде әзірге қаржы жоқ. Бірақ бізді қолдайтындар табылады ғой деп ойлаймыз. Қосымша материалдар алу үшін Н.Ю.Арыловаға хабарласыңыздар, arylova@gmail.com.



Жаңа басылымдар

(жұмыстарды мамандар мен жұртшылықтың іздеуіне қолайлы болу үшін қай тілде жарияланса, сол тілде беруді жөн көрдік)

Сингх Н.Дж., Грачев Ю.А., Бекенов А.Б., Милнер-Гулланд Э.Дж. Выбор сайгаком мест размножения в условиях возрастающего фактора беспокойства. // *Biological Conservation* **143**, 2010. – С. 1770-1779.

Многие наземные млекопитающие образуют скопления в местах размножения. Для таких скоплений, вероятно, будет важным изменение доступа к ресурсам и воде, возможность избегания хищников и беспокойства. Критически угрожаемый сайгак один из таких видов. Мы анализировали пространственно-временные данные по расположению окотных скоплений сайгака в Казахстане в течение последних 40 лет, полученные во время авиационных и наземных исследований, для установления факторов, определяющих выбор мест размножения в пределах ареала вида, а также изменений в сезонном расположении этих мест. Были разработаны обобщенные совмещенные модели использования-доступности для того, чтобы оценить факторы, отличающие места окота от случайных участков и предсказать расположение мест, подходящих для окота. Сайгаки выбирали участки, с продуктивностью ниже средней и низким уровнем изменчивости продуктивности по годам, расположенные недалеко от водных источников и вдали от человеческих поселений. В течение последнего десятилетия наблюдалось значительное изменение в расположении мест окота. Они сместились дальше на север и еще сильнее, чем прежде отделились от населенных пунктов. Результаты показали, что выбор мест размножения в значительной степени определяется факторами окружающей среды. Однако фактор беспокойства также оказывает серьезное влияние на выбор таких мест. В последние десятилетия его влияние перекрывает влияние факторов окружающей среды. Усиление влияния фактора беспокойства совпадает с резким сокращением численности сайгака в связи с браконьерством, и существенным сокращением интенсивности земледельческого под выпас скота, последовавшие вслед за распадом Советского Союза. Прогнозные модели, основанные на подобных исследованиях, могут улучшить охрану вида путем стратификации выборки для эффективного мониторинга и охраны самок в критическое для них время года.

Сингх Н.Дж., Грачев Ю.А., Бекенов А.Б., Милнер-Гулланд Э.Дж. В поисках растительности в Центральной Азии: миграция сайгака. // *Diversity and Distributions* **16**, 2010. – С. 663-675.

Известно, что в поисках пищи и воды, укрытия от хищников и суровых климатических условий сухопутные животные мигрируют на дальние расстояния. Этот феномен изучается, но до сих пор существуют большие пробелы в наших знаниях о самих мигрирующих видах. Мы знаем, что сайгак мигрирует на дальние расстояния в Центральной Азии и Прикаспийском регионе России. Социально-политические и земельные изменения, произошедшие за последнее столетие в связи с образованием и распадом Советского Союза, повлекли за собой серьезные изменения в ареале и популяции сайгака. Мы провели сравнение четырех популяций вида и выявили различия в их ареалах, экологических причинах миграций и факторах, определяющих выбор их сезонных ареалов. Дабы исследовать различия между ареалами мы опирались на такие показатели, как сезонные изменения плодородности почвы, количество осадков и топографические переменные, используя данные прямых наблюдений за 40 лет. Все четыре популяции мигрируют по широте, ведомые сезонными изменениями плодородности, что тесно связано с широкомасштабными изменениями количества осадков. Локальные топографические и климатические различия определяют пространственно-временные вариации сезонных сред обитания всех популяций. Промежуточная плодородность и низкие годовые показатели ее изменчивости более сильно влияют на выбор места внутри сезонного ареала, чем пиковые значения. Миграции в Казахстане определяются плодородностью и не осложнены другими факторами, несмотря на недавнее серьезное негативное воздействие на популяции. В Прикаспийском же регионе их статус неизвестен. Все четыре популяции находятся под серьезной угрозой из-за потери среды обитания, браконьерства, недостаточной охраны и пробелов в наших экологических знаниях биологии видов. Более глубокое понимание причин миграций сайгака на различных уровнях должно стать первым шагом в решении этих проблем.

Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы оның қызметіне соңғы 6 ай бойы жәрдемдескен мына кісілерге шын жүректен алғысын білдіреді: Марджори Паркер, Мишеля Хакетта, Дарлин Маркович, Кента және Глорию Маршаллов, Стивена және Карин Чейзов, Монфорта Джойса, Ким және Кевина Никейннов және, Борис Станк. Сондай-ақ суық қыстан кейін Ресейде және Қазақстанда аңдардың жаппай қырылғаннан кейін ақбөкен популяциясын қалпына келтіруге үлес қосқан адамдарға алғысымыз шексіз: Кеннон Хадсон, Джефффа Флокен, Джессика Кулер, Сюзан Вайтинг, Энтони Денсер, Брентон Хэду, Ханно Шифер, Роберто Коломью, Гирд Мотузейт Мэтузевикьют, Барбаре Палмер, Никодемус Коллоредо, Грэм Элиоту және Майкль Монпетт. Сонымен бірге біздің жұмысымызға көмегін берген WCN және FFI қызметкерлері мен волонтерлеріне әрі осы нөмердің шығуына көмектескен WCN және WWF-Моңғолия ұйымдарына да шексіз алғысымызді білдіреміз.

Редакция алқасы. Ұлыбритания: проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [консультативті редактор], Империял Колледж Лондон (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Қазақстан: проф. А. Бекенов және Ю. Грачев, Зоология институты (teriology@mail.ru); Қытай: Г. Цзян, WCS Қытай (gzhang@wcs.org); Моңғолия: Б. Лхагвасурен, және Б. Чимеддорж, WWF-Моңғолия (lkhagvasuren@wwf.mn; chimeddorj@wwf.mn); Ресей: А.Лущикина, Экология және эволюция проблемалары Институты (rsmabcom@gmail.com) және проф. Ю. Арылов, Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы (kalmisaiga@mail.ru); Өзбекстан: Е. Быкова [атқарушы редактор] және А. Есипов, Зоология институты (esipov@xnet.uz).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберуге болады esipov@xnet.uz немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Ағылшын және орыс тілдеріндегі авторлар ережесін мынадан табуға болады: www.saiga-conservation.com немесе сұрау арқылы редакторлардан алуға болады. Егер сіздерде сұрақтар болса, Saiga News өз елдеріндегі редактормен байланысуға болады немесе атқарушы редактор Елена Быковамен хабарласуға болады (esipov@xnet.uz).

Бұл басылымды мынадай онлайннан табуға болады: www.saiga-conservation.com, <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf> pdf, форматында, немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде өздеріңнің сұрауларың бойынша алуға болады.